БЮДЖЕТ

БЮДЖЕТ ҚАРАЖАТЫН БЕРУДІҢ НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ БАЗАСЫ ЖЕТІЛДІРІЛУДЕ

3-бетте

ҚҰҚЫҚ

ЕСІРТКІМЕН КҮРЕС – ОРТАҚ ІС

7-бетте

ИНКЛЮЗИЯ

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ – ЕРІК-ЖІГЕРІ ШЕКСІЗ

8-бетте

SALYQ TÁRTIBI

Газет 1994 жылғы наурыздан шығады

www.salyq-gazet.kz | РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ | saltar61@mail.ru | №55 (2067) 23 мамыр 2026 жыл

ПРЕЗИДЕНТ

ҚЫЗЫЛОРДАДА 1,9 ТРИЛЛИОН ТЕҢГЕЛІК 48 ЖОБА ЖҮЗЕГЕ АСАДЫ

Мемлекет басшысы Қызылорда облысының әкімін қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа өңірдің қаңтар-сәуір айларындағы негізгі макроэкономикалық көрсеткіштері және алдағы әлеуметтік-экономикалық даму жоспары баяндалды.

Облыс әкімі Мұрат Ергешбаевтың айтуынша, өңірде қолайлы инвестициялық климат қалыптасып, экономиканы әртараптандыруда алдағы үш жылға 1 триллион 900 миллиард теңгенің 48 инвестициялық жобасын іске асыру жоспарланып отыр. Биыл 1 триллион теңгеге 14 ірі жобаның құрылысы басталады. Президенттің Ұлттық құрылтай отырысында берген тапсырмасына сәйкес, Қызылорда қаласында 300 орындық көпбейінді аурухана, 500 орындық емхана, 200 орындық перинаталдық орталық, жаңа драма театры мен заманауи кітапхананың құрылыстары жүргізіліп жатыр. Қызылорда – Ақтөбе автожолын кеңейту жобасының бірінші кезеңі басталды. Бейнеу – Сексеуіл тас жолының құрылысы жақында қолға алынбақ.

Жыл соңына дейін 10 елді мекен газдандырылып, халықтың 85 пайызы көгілдір отынды тұтына бастайды. Үй кезегіндегі азаматтарды баспанамен қамту мақсатында биыл 2 400 пәтер беру жоспарланған. Облыстағы 138 шақырым автомобиль жолдары, көшелер мен көпір өткелдерін жөндеуден өткізу, жолдардың 95,5 пайызын жақсарту көзделген.

Мемлекет басшысы облыс әкіміне экономиканы әртараптандыру, инвестиция тарту, экологиялық ахуалды ілгерілету және ауыл шаруашылығына су үнемдеу технологияларын енгізу жұмыстарын жалғастыру бойынша бірқатар тапсырма берді.

AKORDA.KZ.

ҚҰРМЕТ

ӘУЛИЕАТАДА МӘДЕНИЕТ МАЙТАЛМАНДАРЫНА МАРАПАТ ТАБЫСТАЛДЫ

Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеев мәдениет және өнер саласының өкілдерін кәсіби мерекесімен құттықтап, олардың еселі еңбегіне құрмет көрсетті.

Салтанатты шара қазақ әдебиеті мен мәдениетінің өрісін кеңейткен Жамбыл жерінің біртуар тұлғаларына арналған әсерлі композициялық қойылыммен ашылды.

Бүгінде облыста халыққа мәдени қызмет көрсететін 506 мекеме жұмыс істейді. Бұл салада 3 мыңнан астам маман еңбек етуде. Соңғы үш жылда 22 мәдениет нысаны ел игілігіне берілсе, биыл тағы 5 нысанның құрылысы аяқталады деп жоспарланған.

Аймақ басшысы өңірдің қазақ руханияты мен өнеріндегі орны ерекше екенін атап өтті.

– Мәдениет – ұлттың рухани тірегі, халықтың болмысын айқындайтын асыл қазына. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мәдениет саласын дамыту ұлт сапасын арттырудағы маңызды бағыттардың бірі екенін ерекше атап өткен болатын.

Облысымыздағы театр әртістері, әншілер, күйшілер, бишілер, кітапхана мен музей қызметкерлері, мәдениет үйлерінің мамандары ұлттық өнерді ұлықтап, ел руханиятының дамуына зор үлес қосып келеді. Өнер ұжымдарының халықаралық және республикалық байқаулардағы жетістіктері Әулиеата мәдениетінің абыройын асқақтатып жүр. Баршаңызға шынайы алғысымды білдіремін. Сіздерге мықты денсаулық, шығармашылық табыс пен толайым жетістік тілеймін, – деді Ербол Қарашөкеев.

Облыс әкімінің айтуынша, Жамбыл облысы бүгінде республикалық және халықаралық деңгейдегі ірі мәдени жобалардың маңызды орталығына айналып келеді. Соның ішінде «Тараз – қолөнершілер қаласы» және «Қызғалдақ мұра» фестивальдері ұлттық құндылықтарды дәріптеп, тарихи-мәдени мұраны кеңінен насихаттауға серпін берген.

Мерекелік кеш марапаттау рәсімімен жалғасты.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес Ш. Уәлиханов атындағы Жамбыл облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының директоры Эльмира Әбдінова «Ерен еңбегі үшін» медалімен наградталды. Ал К.Әзірбаев атындағы Жамбыл облыстық филармониясының әртісі Оңал Азаматова «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағына ие болды.

Сондай-ақ мәдениет саласының дамуына үлес қосқан бірқатар азаматқа мәдениет және ақпарат министрлігінің, облыс әкімдігінің және өзге де ұйымдардың марапаттары табысталды.

Іс-шара соңында мәдениет қызметкерлері спорттық жарыстарда бақ сынап, әсем ән мен күйден шашу шашып, би өнерімен мерекенің ажарын аша түсті.

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

РУХАНИЯТ

ЖЕТІСУДА МҰХТАР АРЫННЫҢ РУХАНИ МҰРАСЫ ҰЛЫҚТАЛДЫ

Жетісу облысында көрнекті ғалым, ұлағатты ұстаз, профессор Мұхтар Арынның 90 жылдығына арналған еске алу кеші өтті. Облыстық білім басқармасының ұйымдастыруымен өткен «Қалдырған ізің мәңгілік» атты салтанатты кешке облыс әкімі Бейбіт Исабаев, ғалымның ұрпақтары, М. Арын атындағы № 24 мамандандырылған мектеп-лицейінің ұжымы, жалпы еліміздің әр аймағынан зиялы қауым өкілдері қатысты

Осы күні І. Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайының фойесінде республикалық ғылыми жоба байқауларының жеңімпазы болған Талдықорғандағы №24 лицей оқушылары жетістіктерінің көрмесі қойылды. Сондай-ақ сахнадан ғалымның өмірі мен еңбек жолы туралы баяндайтын «Нар қазақ» атты деректі фильм көрсетілді.

Жиында құттықтау сөз сөйлеген облыс әкімі Бейбіт Исабаев Жетісу жерінен шыққан танымал тұлғалардың ішінде биыл туғанына 90 жыл толып отырған Мұхтар Ғалиұлы Арынның орны бөлек екенін атап өтті.

- Мұхтар Арын тек қана ардақты ғалым, ұлағатты ұстаз ғана емес, қазақ руханиятының жанашыры, іздеушісі болды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында елдің рухын бекемдеп, еңсесін тіктеуге, мұрасын түгендеп, мәдени-рухани жолын қалыптастыруға елеулі еңбек сіңірді. Қай істе де елдік мүдде тұрғысынан еңбек етті. Бүгінде қаншама буын жас ұрпақ Мұхтар Арынның артына қалдырған шығармашылық еңбектерін өзіне өмірлік бағдар етуде. Ардақты ғалымның кең арналы зерттеулері, тындырған тағылымды істері, өнегелі өмірі әрдайым кейінгілерге үлгі болып қалады, - деді Б. Исабаев.

Мұнан соң Парламент Мәжілісінің Төрағасы Ерлан Қошановтан, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаевадан және бірқатар облыс әкімдерінен келіп түскен жеделхаттар лицейдің музейіне тапсырылды.

Өз кезегінде ғалымның ұлы, экономика ғылымдарының докторы, профессор ҚР Ұлттық ғылым академиясының Құрметті академигі Ерлан Арын сөз сөйлеп, ұрпақтарының атынан ризашылығын жеткізді:

- Біз үшін, біздің отбасымыз үшін бүгін ерекше қуанышты күн. Әкеміз ғұмыры қысқа болса да, өте маңызды рухани істер, еске алып отырған игі шаралар атқарып кетті. Тұлғаны қалыптастыратын, тұлғалық қасиетін ашатын туған жерінің табиғаты, тауы-суы ғана емес, өскен елі, жүрген ортасы. Сондықтан біз үшін Жетісудың орны бөлек. Әкеміздің барша жерлестеріне, атын иеленген мектеп ұжымына, ұстаздарына ерекше алғысымызды білдіреміз, - деген Е. Арын мектеп-лицейдің түрлі байқауларда жеңімпаз болған оқушылары мен үздік ұстаздарына ғалымның әулеті атынан ақшалай сыйлық сертификаттарын табыстады.

Бұдан әрі лицей оқушылары ғалым өмірінің бір үзігін көрсететін қойылым қойып, әдеби монтаж ұсынды.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

КЕЗДЕСУ

ТУҒАН ЖЕРГЕ ТУЫН ТІККЕН ҚАЛАМГЕР

Алматы облысының Үйғыр ауданында белгілі қаламгер Сәуле Досжанмен кездесу өткізілді. Рухани кешке ауыл тұрғындары, ұстаздар мен оқушылар, ауылдан түлеп ұшқан түлектер қатысты. Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев те тағылымды жүздесуге арнайы барып, Сәуле Мағазбекқызының елеулі еңбегін айрықша атап өтті.

Марат Елеусізұлы қаламгердің туған жерге деген жанашырлығы мен жас ұрпаққа көрсетіп жүрген қамқорлығы көпке үлгі екенін айтты. Сондай-ақ елдің рухани дамуына үлес қосқан еңбегі қашанда құрметке лайық екенін жеткізді.

ҚР Мәдениет қайраткері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, ақын, жазушы, журналист Сәуле Досжан – қазақ прозасында өзіндік үні, нәзік лиризмі мен терең психологиялық иірімдері арқылы танылған қаламгер. «Үшінші есіктің құпиясы», «Жатқа туған бала», «Үлкен үйдегі үрей», «Қасірет пен тағдыр», «Ауылдан шыққан миллионер», «Үзілмеген үміт», «Біртуар» және өзге де прозалық шығармаларын оқырман сүйіп оқиды. Туындылары орыс, испан, неміс, қытай, ағылшын, араб, француз, венгер, түрік, чех және қырғыз тілдеріне аударылған. Онда адам жанының құпиясы, әйел тағдыры, отбасы құндылығы мен ұлттық болмыс айрықша көрініс табады.

Жыл сайын туған ауылы Ақтамға келіп, өзі білім алған мектептегі талапты, талантты шәкірттерге қолдауын білдіріп, шәкіртақысын беруді дәстүрге айналдырған. Биыл да 32 оқушы Сәуле Мағазбекқызының қолынан марапат алды. Олардың барлығы да– пән олимпиадалары мен әдеби оқу байқауларының, ғылыми зерттеу жобаларының жеңімпаздары. Сондай-ақ қаламгер ауылдағы мектептің жаңаруына, медпункттың салынуына атсалысқан.

Шара барысында Сәуле Досжанның өлеңдері оқылып, өмір жолынан сыр шертетін театрландырылған көрініс қойылды. Аудан өнерпаздары концерттік бағдарлама ұсынып, әуезді әуенді төгілтті.

«Туған жерге туыңды тік» дейді дана халқымыз. Туып-өскен жеріннің көркейіп-гүлденуіне үлес қосу – әрбір перзенттің парызы. Сондықтан Сәуле Досжанның өнегелі ісі көпшілікке үлгі, құрметке лайық.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР

САЛЫҚ КОДЕКСІНДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

Салық кодексіндегі өзгерістер бойынша жыл басынан бері облыс көлемінде бизнес субъектілеріне тегін кеңес беру арқылы қолдау көрсетуге бағытталған «Халық бухгалтері» акциясы жүргізіп келеді. Бастама бақылау моделінен салық төлеушілерді сервистік сүйемелдеуге (модельге) көшу шеңберінде іске асырылуда. Науқан 2026 жылдың 5 қаңтарынан 30 маусымына дейін жалғасады. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Жамбыл облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті науқан аясында түсіндіру жұмыстарын жүргізуде. Аталған департаменттің түсіндіру жұмысы және байланыс орталығы басқармасының басшысы Ерлан Нұрмаханбетовтың айтуынша, салық төлеушілермен өткен жиындарда, акцияларда және Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихаттарында ел азаматтары тарапынан жиі қойылатын сұрақтар бар. Олар:

– Туыстар арасындағы аударымдар салық салуға жата ма?

– Жоқ, салық салуға жатпайды. Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 405-бабына сәйкес (2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданыстағы редакция), мұндай түсімдер жеке тұлғаның салық салынатын табыстарының құрамына кірмейді.

– Егер ақша туған күнге, тойға немесе сыйлық ретінде аударылса ше? Егер ата-аналар мектепке немесе балабақшаға ақша жинаса ше?

– Мұндай түсімдер табыс ретінде танылмайды. Мұндай аударымдар сыйға тарту болып табылады және жеке сипатқа ие. Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 405-бабына сәйкес (2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданыстағы редакция), олар жеке тұлғаның салық салынатын табысқа жатпайды.

– Жеке шотты кәсіпкерлік үшін пайдалануға бола ма?

– Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 27-бабына сәйкес, жеке кәсіпкерлер қызмет жүргізу үшін банктік шот ашуға міндетті. Бұдан бөлек, Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 110-бабына сәйкес, барлық есеп айырысулар бақылау-кассалық машиналарды қолдану, немесе арнаулы мобильді қосымша арқылы жүргізілуі тиіс. БКМ қолданбаған жағдайда ӘҚБтК-нің 284-бабына сәйкес ескертуден қайталап бұзған үшін 15 АЕК-ке дейін жауапкершілік көзделген.

– Егер маған балаларымнан немесе туыстарымнан тұрақты түрде ақша түссе, салық салына ма?

– Жоқ. Мұндай аударымдар жеке (отбасылық) сипатқа ие және кәсіпкерлік табыс болып табылмайды. Бұл ретте іріктеу өлшемшарттарының бірі – әртүрлі 100 және одан да көп тұлғадан аударымдардың түсуі. Сондықтан отбасы мүшелерінен түсетін аударымдар бұл критерийге жатпайды.

Міне, байқағаныңыздай жиі қойылған сұрақтардың реті осылай жалғаса береді. Біз салық төлеушілерге жаңа салық кодексін түсіндіруден еш жалықпаймыз. Қазір де қайталап өтуге дайынбыз,– дейді басқарма өкілі.

Ерлан Нұрмаханбетовтың сөзінше, 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап жаңа Салық кодексі күшіне енуіне орай, Салық кодексінде үш ғана арнаулы салық режимі көзделген: өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін, оңайлатылған декларация негізіндегі және шаруа (фермер) қожалықтары үшін арнаулы салық режимдері. Бұрын болған АСР (патент, арнаулы мобилды қосымша, бөлшек салық, тіркелген шегерім, АШӨ үшін АСР) күшін жойған.

– Қазір елімізде болып жатқан науқан, бұл бұрын АСР қолданған кәсіпкерлер, 2026 жылға жаңа Кодексінің ережелері бойынша жұмыс істеу үшін режимді таңдау керек, яғни берілген уақыт аралығында режимді таңдау бойынша өз құқықтарын іске асыру қажет. Атап айтар болсақ, оңайлатылған декларация негізіндегі режимге көшу туралы айтатын болсақ, 2025 жылы оңайлатылған декларация негізіндегі, бөлшек салық және тіркелген шегерімдер арнаулы салық режимдерін қолданған салық төлеушілер, егер оңайлатылған декларация негізіндегі арнаулы салық режимін қолдануды жоспарлаған болса 2026 жылғы 1 наурызға дейін қолданылатын салық салу режимі туралы хабарлама ұсыну қажет болатын. Аталған хабарлама 2026 жылғы 1 наурызға дейін ұсынылмаған жағдайда, аталған салық төлеушілер 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап жалпыға бірдей белгіленген салық салу тәртібіне автоматты түрде көшірілді..

Ал енді өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін режимге көшу бойынша айтатын болсақ, 2026 жылғы 1 наурызда салық органдары 2025 жылы патент негізіндегі АСР-ін немесе арнаулы мобильді қосымшаны пайдалана отырып АСР-ін қолданған салық төлеушілерді жеке кәсіпкер ретінде есептен автоматты түрде шығарады. Есептен шығару күні 2026 жылғы 1 қаңтар болып есептеледі, бұл ретте салық төлеушінің өз бетінше есептен шығу туралы өтініш беру құқығы сақталады. Осы жерде ескерткім келген,: егер салық төлеуші қолданылатын салық салу режимі туралы хабарлама ұсынып, басқа режимді таңдаған болса, автоматты түрде есептен шығару жүргізілмейді. Бұл ретте, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнаулы салық режимін қолданудың басталу күні «E-Salyq Business» мобильді қосымшасында алғашқы чектің қалыптастырылған күні болып табылады, – дейді Ерлан Нұрмаханбетов.

Сондай-ақ шаруа (фермер) қожалықтары үшін арнаулы салық режиміне көшу 2026 жылғы 1 наурызға дейін салық органдары арқылы автоматты түрде жүзеге асырылады және салық төлеушілерден хабарлама ұсынуды талап етпейді екен.

– Жоба шеңберінде салық төлеушілер бухгалтерлік есеп, салық есептілігі, сондай-ақ ақпараттық жүйелердегі жұмыс мәселелері бойынша ұғымды және практикалық түсініктемелер ала алады. Кеңес беруді кәсіби бухгалтерлер бухгалтерлік бірлестіктердің өкілдері, сондай-ақ Мемлекеттік кірістер органдарының тәжірибелі қызметкерлері жүргізеді. Тараз қаласында кеңес беру Қойгелді батыр көшесі, 188 мекенжайда орналасқан Тараз қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқарманың қызмет көрсету орталығында өткізіледі. Ал аудандарда қабылдау мемлекеттік кірістер басқармаларында ұйымдастырылады. Қосымша Жамбыл облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің қызметкерлерімен бейнеконсультация, телефон байланысы, онлайн-консультация форматында өзара іс-қимыл қарастырылған. «Халық бухгалтері» акциясы кәсіпкерлердің салықтық сауаттылығын арттыруға, уақтылы профилактикалық және кеңес беру арқылы бұзушылықтар санын азайтуға бағытталған,– дейді Жамбыл облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті түсіндіру жұмысы және байланыс орталығы басқармасының басшысы Ерлан Нұрмаханбетов.

Бұдан бөлек, бүгінгі күні салық төлеушілер тарапынан қойылатын өзекті сұрақтардың бірі – мобильді аударымдар. Екіншісі, облыста салық тәртібін ныңайтуға және адал кәсіпкерлікті ынталандыруға бағытталған «Кәсіпкердің абыройы – адалдықта, тұтынушының сенімі – фискалдық чекте» серпінді жобаны іске асырылуы туралы түсіндірме беру.

– Қарапайым сөзбен айтқанда – Мобильді аударымдарға бақылау не үшін қажет? Мобильды аударымдарға бақылау жүргіздірудің негізгі мақсаты – кәсіпкерлік табысты жеке аударым ретінде жасырудың алдын алу (яғни жеке аударымдарды кәсіпкерлікке қатысты аударымдардан бөлу) және көлеңкелі экономиканы азайту. Қазіргі таңда кейбір кәсіпкерлер тауар немесе қызмет үшін төлемді POS-терминалсыз, чек бермей, тек жеке мобильді аударым арқылы қабылдайды. Мұндай жағдайда сатылған тауар немесе көрсетілген қызмет ресми есепке алынбай қалуы мүмкін. Сондықтан мобильді аударымдарды бақылау – кәсіпкерлік қызметті заңдастыруға, фискалдық чектердің берілуін қамтамасыз етуге, қолма-қол ақшасыз төлем мәдениетін дамытуға бағытталған. Сонымен қатар қарапайым азаматтардың туыстарға, достарға немесе жеке мақсатта жасайтын аударымдары кәсіпкерлік қызмет болып саналмайды және оларға шектеу қойылмайды, – деп атап өтті ол.

Мобильді аударымдарға бақылау неге негізделеді? Ол бақылау бекітілген өлшем шарттарға негізделеді. Атап айтсақ, бір жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға арналмаған банктік шотына (шоттарына) қатарынан күнтізбелік әрбір үш ай ішінде 100 және одан да көп әр түрлі тұлғалардан ақша қаражатын алуы, сондай-ақ көрсетілген кезеңдегі түсімдердің жалпы сомасы ең төменгі жалақының 12 еселенген мөлшерінен асқан жағдайда бақылауға жатады.

Ал екінші деңгейдегі банктер мәліметтерді салық органдарына есепті кезеңнен кейінгі айдың 15-інен кешіктірмей тоқсан сайын ұсынады (2026 жылғы 15 сәуірге дейін 2026 жылғы қаңтар-наурыз айлары бойынша алғашқы мәліметтер берілді), және тек жоғарыда көрсетілген өлшем шарттар қатар орындалған жағдайда ғана. Екінші деңгейдегі банктерден мәліметтерді жинау аяқталғаннан кейін (алдын ала ағымдағы жылдың мамыр айында) салық органдары тарапынан тиісті бақылау шаралары жүргізіледі.

– Көрсетілген мәліметтерді алғаннан кейін мемлекеттік кірістер органдары келесі бақылау шараларын екі кезең бойынша жүргізеді: Бірінші кезең– жеке тұлғаларды жеке кәсіпкер немесе өзін-өзі жұмыспен қамтыған тұлға ретінде тіркелу қажеттілігі туралы хабардар ету; Осы мақсатта салық төлеушіге хабарлама жіберіледі, ол ақпараттық сипатқа ие және жауап беруді талап етпейді. Екінші кезең – бақылау шаралары, салық кезеңі үшін салық есептілігін тапсыру мерзімі өткеннен кейін камеральдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған сәйкессіздіктер туралы хабарлама жіберу.

Жеке тұлғаларды хабардар ету жауап беруді талап етпейді. 2027 жылғы 15 қыркүйектен кейін (270.00 нысаны бойынша кірістер мен мүлік туралы декларацияны тапсыру мерзімі) жеке тұлға дербес салық салуға жататын табыстар бойынша салыстыру жүргізіліп, камеральдық бақылау нәтижелері бойынша сәйкессіздіктер туралы хабарлама жіберіледі.

Жеке тұлғаның белгіленген өлшем шартқа сәйкес келуі банктік шоттар бойынша шығыс операцияларын тоқтату үшін дербес негіз болып табылмайды. Шығыс операцияларын тоқтату тек камеральдық бақылау нәтижелері бойынша жіберілген хабарламаны орындамаған жағдайда, Қазақстан Республикасының Салық кодексінде көзделген тәртіппен және негіздер бойынша ғана жол беріледі, – дейді Ерлан Нұрмаханбетов.

Жалпы жаңа Салық кодексінде өзгерістер көп. Әлі де кәсіпкерлер арасында жаңа Салық кодексіне енген өзекті сұрақтарға түсіндірмелер беру қажеттілігі туындап отырғаны белгілі. Яғни, арнаулы салық режимін (АСР) қолдану туралы хабарлама ұсынылмаған жағдайда, қандай міндеттемелер туындайды және оңайлатылған декларация негізіндегі АСР кез келген уақытта көшуге бола ма? Сонымен қатар, патентпен немесе арнаулы мобилді қосымша негізінде кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырған кәсіпкерлер ары қарай жұмысты жүргізу үшін не істеу керек? Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнаулы салық режимнің қандай ерекшіліктері бар, не үшін керек бұл режим? Қандай жағдайда бухгалтерлік есеп жүргізу міндеттеме туындайды? Салықтық жеңілдіктер және тағы да басқа сұрақтарға әлі де толастамауда.

– Көпшілікке белгілі болғандай, биыл жаңа Салық кодексі қолданысқа енгізілген. Салық кодексімен үш ғана арнаулы салық режимі көзделген: өзін-өзі жұмыспен қамтығандар, оңайлатылған декларация негізіндегі және шаруа (фермер) қожалықтары үшін арнаулы салық режимдері. Кәсіпкерлерден жиы қойылатын өзекті сұрақтардың бірі – бұл жаңа Салық кодексінің өтпелі ережелерге сәйкес арнаулы салық режимдер болып табылады, оның ішінде ең маңыздысы бұл, оңайлатылған декларация негізіндегі АСР қолдану үшін бизнес субъектілері 28 ақпаннан кешіктірмей қолданылатын салық салу режимі туралы хабарлама ұсынуы қажет болатын. Анықтама ретінде айтатын болсақ, облысымыздағы АСР қолдануға шарттарға сай келетін 80 мың кәсіпкерлерден, АСР қолдануға хабарлама ұсынбағаны 8,5 мың (10,7 пайыз) кәсіпкерлік субъекті қалып отыр. Олардың ішінде негізді себептермен хабарлама ұсынбаған кәсіпкерлер де бар, басым бөлігі – жалпыға бірдей тәртіппен есеп айырысатын тұлғалармен жұмыс жасайтындар, жалпы жұмыс істемейтіндер, тарату сатыда тұрғандар және тағы басқа, – дейді Ерлан Нұрмаханбетов өз сөзінде.

Әңгіме барысында біраз мәселенің басы қайырылды. Ерлан Нұрмаханбетов «Әңгіме әлқисасын сұрақ-жауаппен бастап едік, енді сұрақ-жауаппен аяқтасақ қалай болады. Өйткені сұрақ-жауап оқырманға түсінікті әрі тиімді амал екенін үгіт-насихат жұмысы барысында дәлелденген нұсқа», деп қайтадан салық төлеушілерден түсетін, тағы да жиі қойылатын сұрақтарды қайталай отырып, ашып жауап беруге тырысты.

Сонымен:

Сұрақ: 2025 жылы патент, немесе арнайы мобильды қосымша негізінде кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырған тұлғалар, ары қарай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырғысы келсе не істеу керек, кәсіпкерлікті жабу керек пе?

Жауап: Егер патентпен немесе мобильды қосымшамен жұмыс істеген кәсіпкер ары қарай кәсіпкерлік жұмыс жасауды шешсе, оларға екі жолы бар:

Біріншісі – өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін режимге көшуге болады, ол үшін өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін шарттарға сай келу керек, 1) арнаулы салық режимін қолдануға рұқсат етілген қызмет түрлерінің тізбесіндегі қызмет түрі келу керек (рұқсат етілген 40 қызмет түрі бар, мысалы: такси қызметі, жеке немесе жалға алынған тұрғын үйді жалға алу (қосалқы жалдау), ветеринариялық қызмет, аяқ киімді жөндеу, шаштараздар, сұлулық салондары және т. б. қызметтері); 2) кәсіпкерлігі болмау; 3) табыс көлемі айына 300 АЕК аспау (1,297 миллион); 4) жалдамалы адам болмау тиіс. Осы режимді қолдану үшін шарттарға сай келсе, патентпен істеген тұлға жеке кәсіпкерлігін жабу керек. Бұл ретте, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнаулы салық режимін қолданудың басталу күні «E-Salyq Business» мобильді қосымшасында алғашқы чектің қалыптастырылған күні болып табылады. Бұл режим не үшін керек не пайда одан десек? Бұл режим жалпы микро бизнесті көленкеден шығаруға және осы тұлғаларды әлеуметтік қамсыздандыруға, яғни базалық әлеуметтік кепілдіктерді беруге бағытталған. Бұл режимді тек жеке тұлғалар ғана қолдана алады (заңды тұлғаларға болмайды).

Екінші жолы – оңайлатылған декларация негізіндегі АСР таңдау үшін 28 ақпаннан кешіктірмей хабарлама ұсыну. Егер 2025 жылы патент негізіндегі немесе арнаулы мобильді қосымшаны пайдалана отырып АСР-ін қолданған салық төлеушілер ЖК-і өз бетінше жаппаса, немесе оңайлатылған декларация негізіндегі АСР қолдану үшін хабарлама ұсынбаса, онда – 2026 жылғы 1 наурызында салық органдары осы санаттағы кәсіпкерлерді автоматты түрде жеке кәсіпкер ретінде есептен шығарады. Есептен шығару күні 2026 жылғы 1 қаңтар болып есептеледі.

Сұрақ: Кәсіпкер немесе заңды тұлға 2025 жылы жалпыға бірдей тәртіппен істеген, оңайлатылған декларациядағы шарттарына сай келіп, осы режиммен жұмыс істеу үшін, хабарлама берген жағдайда осы режимді қолдануы қай күннен басталған болып есептеледі?

Жауап: Салық Кодексінің 716 бабының нормаларына сәйкес, жалпыға бірдей тәртіптен арнаулы салық режимге көшу күні – салық салу режимге ауысу туралы хабарламаны табыс еткен күннен басталған болып табылады.

Сұрақ: Бұл бухгалтерлік есеп жүргізу туралы, мысалы біраз кәсіпкерлер жалпыға бірдей тәртіпке ауысып жатыр. Осыған орай оларға бухгалтерлік есеп жүргіздіруге міндеттеме туындайды, ал нақты келгенде кәсіпкерде қандай жағдайда бухгалтерлік есептемелерді жүргізбеуге құқығы бар?

Жауап: «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» Заңның нормалары негізінде дара кәсіпкерлер бухгалтерлік есеп жүргізуді (бастапқы құжаттарды жасаудан және сақтаудан басқа) және қаржылық есептілікті жасауды бір мезгілде мынадай шарттарға сәйкес келетін болса, бухгалтерлік есептемелерді жүзеге асырмауға құқылы:

1) Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолданады және күнтізбелік жылдағы табысы айлық есептік көрсеткіштің 135000 еселенген мөлшерінен (583 875 000 теңге) аспайды;

2) қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінде тұрмайды;

3) табиғи монополия субъектілері болып табылмайды.

Осы тармақта көрсетілген шарттардың бірі сәйкес келмеген жағдайда, дара кәсіпкер осындай сәйкессіздік туындаған айдан кейінгі айдан бастап бухгалтерлік есеп жүргізуді және қаржылық есептілікті жасауды жүзеге асыруға міндетті. Сөзбен айтқанда, осы шарттар бірден сақталған жағдайда, кәсіпкер бухгалтерлік есептерді жүргізбеуге құқылы.

Сұрақ: Жаңа Салық кодексінде халықтың әлеуметтік осал топтары үшін қандай жеңілдіктер қарастырылған?

Жауап: I және II топтағы мүгедектер үшін Салық кодексінде қолданыстағы 882 АЕК-тен (айына 289 мың теңге) салық салынбайтын табыс салығының ең аз мөлшері 5 000 АЕК-ке (айына 1600 мың теңге) дейін ұлғайтылды. ЖЗҚ-дан зейнетақы төлеу кезінде азаматтарды табыс салығын төлеуден босатты. Азаматтар үшін көлік салығының мөлшері 10 жастан асқан автомобильден – 30 пайызға және 20 жастан асқан – 50 пайызға азайды, бұл өзгеріс 2026 жылға төлеу кезінде, яғни 2027 жылдың 1 сәуірінде төлеушілер үшін сезіледі.

Прогрессивті салық салуды енгізу шеңберінде жалақыдан стандартты салық салынбайтын шегерім ұлғайтылды. Атап айтқанда, базалық салық шегерім енгізіліп отыр. Осылайша, жалақысы 140 мың теңгеге дейінгі төмен жалақы алатын қызметкерлер табыс салығын төлемейді.

Б. СЫДЫҚҰЛЫ.
Жамбыл облысы.

ҚАРЖЫЛЫҚ БАҚЫЛАУ

БЮДЖЕТ ҚАРАЖАТЫН БЕРУДІҢ НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ БАЗАСЫ ЖЕТІЛДІРІЛУДЕ

Мемлекеттік бюджет – мұғалімдердің, дәрігерлердің, мемлекеттік қызметкерлердің жалақысы ғана емес, сонымен қатар сапалы жолдар, балабақшалар мен мектептер, халыққа қызмет көрсету, ауылшаруашылығын қолдау және тағы басқа салаларға бөлінген қаржы. Өкінішке қарай бүгінгі таңда бюджеттік қаражатты жымқыру Қазақстан ғана емес, экономикасы дамып келе жатқан елдердің көпшілігі үшін де өзекті мәселе болып табылады. Бюджет қаржысын игеру саласында заңсыздықтарға жол бермеу Жамбыл облысы бойынша тексеру комиссиясының басты міндеттерінің бірі болып саналады.

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихатында Жамбыл облысы бойынша тексеру комиссияның төрағасы Нұржан Тұрлыбеков пен Жамбыл облысы бойынша экономикалық тергеп-тексеру департаменті жедел басқармасы басшысының орынбасары Шерхан Пірімқұл ағымдағы жылдың I тоқсанындағы қаржылық бақылау жұмысының барысымен таныстырып өтті.

– Жамбыл облысы бойынша тексеру комиссиясы 2025 жылы жергілікті бюджет қаражатының тиімді пайдаланылуына сыртқы мемлекеттік аудит жүргізді. Есепті кезеңде 16 аудит және сараптамалық-талдау іс-шарасы өткізілді. Мемлекеттік аудит 117 нысанды қамтып, жалпы 136,3 миллиард теңге қаражат тексерілді. Нәтижесінде 141,8 миллиард теңгеге бұзушылықтар анықталды. Оның ішінде қаржылық бұзушылықтар, тиімсіз пайдалану және қаржылық есептілікті бұрмалау фактілері тіркелді. Сондай-ақ, 902 рәсімдік бұзушылық пен 36 жүйелі кемшілік анықталды. Анықталған бұзушылықтарды жою бойынша 65 нұсқама жолданып, тиісті жұмыстар жүргізілуде. Бүгінгі таңда 6,1 миллиард теңге қалпына келтіріліп, бюджетке қайтарылды. Жауапты тұлғалардың 116-сы тәртіптік, 171-і әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Тексеру комиссиясы алдағы уақытта қаржылық тәртіпті нығайту және бюджет қаражатының тиімділігін арттыру бағытындағы жұмыстарды жалғастырады,– деді Нұржан Шалғынбайұлы.

Ал Жамбыл облысы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаменті Жедел басқармасы басшысының орынбасары Шерхан Батыржанұлы ауылшаруашылығын субсидиялауға бөлінген қаражаттың жымқыру деректерінің алдын алу, бизнесті қорғау және «Атамекен» өңірлік кәсіпкерлер палатасымен өзара әрекеттесуі аясындағы жұмыс барысына тоқталды.

– Мемлекет басшысының «Заң мен тәртіп» бастамасы аясында Жамбыл облысы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаменті осы брифингті ұйымдастырып тұр. Брифингтің негізгі мақсаты – еліміздің барлық аумағында таралған түрлі алаяқтықтар туралы азаматтарды ескерту болып табылады. Осы ретте Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің негізгі мақсаты– еліміздің экономикалық қауіпсіздігін қорғау.

Осыған байланысты, бюджет қаражатының жымқыру деректерін анықтау біздің қызметіміздің басым бағыттарының бірі болып табылады. Департаментпен жыл сайын осы салада көптеген деректер анықталады. Мәселен, соңғы алты жылда Департаментте Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 189 «жымқыру» және 190 «алаяқтық» баптары бойынша 92 қылмыстық іс тіркелген. 2,4 миллиард теңгеден астам келтірілген залал көлемінен 376,8 миллион теңге өтеліп, құны 2,8 миллиард теңгені құрайтын мүлік тәркіленді, – деді ол.

Сала мамандарының айтуынша, ең жиі кездесетін деректер – ауылшаруашылығы саласындағы жымқыру әрекеттері. Яғни, мемлекет ауылшаруашылығын субсидиялауға миллиондаған қаржы бөлген жағдайда, бұл арсыз кәсіпкерлер мен басқа да тұлғаларды мемлекеттен негізсіз ақша алу үшін түрлі алаяқтық схемаларды қолдануға итермелейтін көрінеді. Шерхан Пірімқұлдың айтуынша, облыста 544 мың адам жұмыспен қамтылса, ауылшаруашылығымен 138 мыңнан астам адам айналысады, бұл басқа салалардың қызметкерлерінен бір жарым есеге көп. Салыстыру үшін, алғашқы үштікке 83 мың адамы бар білім саласы, сондай-ақ 79 мың адамы бар сауда саласы кіреді.

– Талдау көрсеткендей, агроөнеркәсіптік кешенді субсидиялауға байланысты шаруалардың бөлінген бюджет қаражатына қолжетімділігі және бюджет қаражатын ұрлаудың тиісті тәуекелдері бойынша бірқатар проблемалық мәселелер бар. Аталған құқық бұзушылықтардың себептерін зерттеп, оларды жою шараларын қабылдаудамыз. Осы мақсатта біз әртүрлі министрліктер мен ведомстволарға бюджет қаражатын беру нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру бойынша ұсыныстарды жүйелі түрде енгіземіз. Себептер қаржыландыру ережелерінің жетілдірілмегендігі ғана емес, делдалдық қызмет нәтижесінде бюджет қаражатының үшінші қолға, яғни алаяқтардың қолына түсуі, бюджет қаражатын аударудың дамымаған механизмі болып табылады, – деді спикер.

Оның айтуынша, Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі құрылған сәттен бастап, экономикалық тергеу қызметі бюджет қаражатын ұрлаудың ірі деректерін анықтауға жұмылдырылыпты. Мысал ретінде ол таңқурайдың элиталық сорттарын сатып алуға бөлінген субсидиялардың ұрлануын келтірді. Департамент жүргізген тексеріс нәтижесі бойынша шаруа қожалықтарының егістік алқаптарында ауылшаруашылығы дақылдарының субсидияланатын сорттары табылмаған. Осылайша, қылмыскерлер мемлекеттен заңсыз түрде 900 миллион теңгеден астам субсидия алған. Бұл дерек бойынша сот үкімі шығып, кінәлілер әртүрлі мерзімге сотталған.

Сондай-ақ, агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың «Ауылшаруашылығы техникаларын, машиналарын және жабдықтарын алу» мемлекеттік бағдарламасы бойынша шаруа қожалықтары атынан, алаяқтық арқылы заңсыз субсидия алған тұлғаларға 2023-2024 жылдары сот үкімдер шығарыпты. Алаяқтар фермерлердің құқықтық нигилизмін пайдаланып, шаруа қожалықтары атынан шығындарды өтеу үшін субсидия алуға өтінім берген. Кейіннен мемлекет қажетті соманы бөліп, қаражат делдалдардың қолына түседі, ал фермерлер қолдан жасалған, сапасыз техника алады. Бұл мысалдар мұндай алаяқтықтың жекелеген жағдайлары емес. Бүгінгі таңда алаяқтардың әрекетінен зардап шеккен шаруа қожалықтарының жалпы саны 200-ден асады. Осы бағытта барлық қажетті тергеу-жедел амалдары жүргізілуде.

– Осы ретте тергеліп жатқан істер аясында нақты ақшамен келтірілген шығынды өтеу ғана емес, қылмыстық жолмен алынған мүлікке тыйым салу қарастырылғанын да қоса кеткім келеді. Осы сәтті пайдалана отырып, ауылшаруашылығы саласындағы барлық кәсіпкерлерге, шаруа қожалықтарының басшыларына электрондық цифрлық қолтаңбаны алаяқ болып шығуы мүмкін үшінші тұлғаларға беруге және пайдалануға жол бермеу туралы ескертеміз. Біз шаруа қожалықтарын заңнаманы сақтай отырып, Қазақстан Республикасының заң аясында жұмыс істеуге шақырамыз.

Сондай-ақ, экономикалық құқықбұзушылық деректері туралы «AFM Insider» телеграмма ботына немесе Жамбыл облысы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаментінің сенім телефоны (кезекші бөлімі) арқылы әрқашан хабарлауға болатынын хабарлаймыз: 34-76-26.

Азаматтарды құқықбұзушылықтарға «нөлдік» төзімділік танытуға, Мемлекет басшысымен ұсынылған «Заң мен тәртіп» қағидатын басшылыққа алуға, Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген өз құқықтарын қорғау үшін уәкілетті құқық қорғау және мемлекеттік органдарға жүгінуге шақырамыз, – деді Шерхан Батыржанұлы.

Сондай-ақ департамент бизнесті қорғауда «Атамекен» өңірлік кәсіпкерлер палатасымен өзара әрекеттесе жұмыс істеуде. Яғни департамент Мемлекет басшысының және Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі басшылығының сотқа дейінгі іс жүргізу кезінде кәсіпкерлердің құқықтарын сақтау және адал кәсіпкерлердің қылмыстық процеске тартылуына жол бермеу туралы тапсырмаларына сәйкес барлық қажетті шаралар қабылдауда. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің нұсқауларына сәйкес, кез келген іс-шаралар бизнес субъектілердің қызметіне араласпай алдынала талдау жұмыстарының негізінде жүзеге асырылады.

Қазіргі уақытта Департаментте қаржы пирамидалары, мемлекеттік сатып алу саласындағы жымқыру, бюджетке салық төлеуден жалтару және басқа да қызмет салаларында алдын ала ақпарат жинау және талдау функцияларын орындау мақсатында талдау орталығы құрылған. Аталған орталық берген нәтижелер уәкілетті органдармен қайта тексеріліп, алынады. Бұл шаралар адал кәсіпкерлерді қылмыстық процеске тартуға мүмкіндік бермейді. Адал кәсіпкерлердің құқықтарын бұзу фактілерін болдырмау мақсатында, қылмыстық істер мемлекеттік бюджетке келтірілген залалдың бар екендігін растайтын тексерулер мен сараптамалар болған жағдайда, сондай-ақ алдын ала талдау жұмыстарының негізінде ғана қозғалады.

Қылмыстық іс жүргізу заңнамасына сәйкес, қылмыстық іс тіркелмей кез келген процестік әрекеттері алынып тасталды. Барлық процессуалдық іс-әрекеттер қатаң уақыт тәртібімен және тікелей әкімшілік ғимаратта жүргізіледі, процессуалдық әрекеттердің басталу және аяқталу уақыты «келушілерді қабылдау» ақпарат жүйесінде тіркеліп толтырылады.

2025 және 2026 жылдың 1 тоқсанында қылмыстық процеске қатысушылардың конституциялық құқықтарын бұзу деректеріне жол берілмегені туралы айтып өтуі жөн. Адал кәсіпкерлердің қызметіне әлеуетті кедергі немесе кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне зиян келтіретін (тексерулер, құжаттарды алып қою, мүлікке билік етуді шектеулер, кәсіпорын шоттарына тыйым салу және т.б.) тергеу әрекеттерін жүргізуге жол берілмейді. Қылмыстық процеске қатысушылармен жүргізілетін тергеу әрекеттері барынша азайтылды. Азаматтар мен кәсіпкерлерді негізсіз шақыру фактілері алынып тасталды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Қазақстан жаңа нақты ахуалда: әрекет ету уақыты» атты Жолдауын орындау мақсатында, заңдылықты, азаматтардың қауіпсіздігіне кепілдік беруді және қылмыстық саланы жаңғыртуды қамтамасыз ету бойынша, әрбір тергеу кабинеті бейнебақылау камерасымен жабдықталған.

– Палата және біздің департамент бірлесіп 2024-2025 жылдарда 50-ден аса іс-шаралар өткізді. Оның ішінде облыс көлемінде әлеуметтік маңызы бар тақырыптар бойынша: көлеңкелі экономикасының үлесін азайту, әлеуметтік газ, ауылшаруашылық құрылымдарына дизель отынын кедергісіз жеткізу, субсидиялар, қаржылық пирамидалар, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары, есірткіге қарсы және тағы басқа мәселелері бойынша іс-шаралар өткізілді. Айтылғанды ескере отырып, Жамбыл облысы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаменті мен Жамбыл облысы кәсіпкерлер палатасының қарым-қатынасы жоғарғы деңгейде орын алуда. Палатаның аланында тұрақты тұрде Департамент басшысы ай сайын кәсіркерлер үшін жеке қабылдау өткізеді. Кәсіпкерлермен көтерілген проблемалық сұрақтар бойынша дөңгелек үстелдер мен уәкілетті органдармен кездесулер палатамен бірлесіп ұйымдастырылады. Аталған іс-шаралар бақылауға алынып, алдыңғы кезеңде де жалғастырылады, – деді Шерхан Батыржанұлы.

БЮДЖЕТ

МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ӨЗ НӘТИЖЕСІН БЕРУДЕ

Мемлекеттік сатып алу – Қазақстан Республикасының бейрезиденттеріне қызметтер көрсетуге байланысты кірістерді қоспағанда, тапсырыс берушілердің тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бюджет қаражаты және өз кірістері есебінен толық немесе ішінара сатып алуы. Жамбыл облыстық өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында «Мемлекеттік сатып алу рәсімдерінің ашықтығы мен тиімділігі» тақырыбында брифинг болды. Онда Жамбыл облысы әкімдігі мемлекеттік сатып алу басқармасының басшысы Ғалым Әбдіқазиев тілшілер қауымына 2026 жылдың 4 айында атқарылған жұмыс барысы туралы айтып берді.

Оның айтуынша, басқармаға мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушысы ретінде тапсырыс берушілерден жыл басынан бері жалпы сомасы 35,8 миллиард теңгеге 149 конкурс бойынша мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жүргізуге өтінімдер келіп түскен. Басқарма тарапынан ұйымдастырылған мемлекеттік сатып алу рәсімдері аясында 26,5 миллиард теңгені құрайтын 127 лот бойынша жеңімпаздар анықталған. Жеңімпаздардың жалпы саны 67 мердігерді құраса, оның ішінде облыста тіркелген 45 мердігермен 18 миллиард теңгеге 87 лот бойынша келісімшарт жасалған. Басқа облыстарда тіркелген 22 мердігермен 40 лот бойынша жасалған келісімшарт сомасы 7,8 миллиард теңгені құраған. Нәтижесінде жалпы келісімшарт сомалары 25,8 миллиард теңгені құрап, 0,7 миллиард теңге бюджет қаражаты үнемделген.

– Құрылыс-монтаждау жұмыстары бойынша 22,4 миллиард теңгеге 22 нысан бойынша хабарламалар жарияланды. Сонымен қатар тауарлар, қызметтер және құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу бойынша жалпы сомасы 13,3 миллиард теңгені құрайтын 127 конкурс жарияланды. Мемлекеттік сатып алу саласындағы негізгі өзгерістерге тоқталсам, бұл – электрондық депозитарийге қатысты орын алған өзгерістер. Өйткені жүргізілген талдау жүйелі бұзушылықтар бар екенін көрсетті. Атап айтсақ, жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттарға жалған мәліметтер енгізу фактілері анықталды. Оның ішінде нысандарды пайдалануға беру туралы бұрмаланған және жалған актілерді тіркеу орын алған. Мұндай жағдайлар сот дауларына әкеліп, нәтижесінде бюджет қаражатын уақытылы игеруге кері әсерін тигізді.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі нормативтік және техникалық шаралардың кешенін қабылдады. 2024 жылғы №676 және сол жылғы №809 бұйрық бойынша мемлекеттік сатып алу қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, құрылыс-монтаж жұмыстары бойынша тәжірибені растайтын құжаттарға қойылатын талаптар күшейтілді.

Сонымен қатар 2025 жылғы 1 наурыздан бастап жұмыс тәжірибесін растау тәртібі өзгертілді. Бұған дейін енгізілген құрылыс-монтаж жұмыстары, техникалық қадағалау және жобалау бойынша мәліметтер белгіленген мерзімде міндетті түрде қайта расталуға тиіс болды. Қайта тексеруден өтпеген деректер «белсенді емес» мәртебесіне ауыстырылып, конкурстық өтінімдерді бағалау кезінде есепке алынбайды, – деген Ғалым Қамбарұлы бұл шаралар жалған ақпаратты болдырмауға, ашықтықты арттыруға және әділ бәсекелестікті қамтамасыз етуге бағытталғанын айтты.

Екінші маңызды мәселе — құрылысқа қатысы жоқ жұмыстарды (ағымдағы және орташа жөндеу, сондай-ақ абаттандыру) сатып алу кезіндегі біліктілік талаптары. Бұрын қолданыста болған нормаға сәйкес, тиісті лицензияның болуы әлеуетті жеткізушінің материалдық және еңбек ресурстарымен қамтамасыз етілгенін растайтын. Бұл рәсімдерді жеңілдетіп, өтінімдерді қарау мерзімдерін қысқартып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендететін. Өткен жылдан бастап жаңа Қағидалардың енгізілуімен бұл тәсілдер өзгертіліп, ресурстарды меншік немесе жалға алу құжаттары арқылы растау бойынша қосымша талаптар пайда болды. Іс жүзінде бұл процесті күрделендіріп, сатып алу мерзімдерін ұзартып, жалған құжаттар ұсыну тәуекелдерін арттырады. Осыған байланысты бұрынғы норманы қайта енгізу туралы ұсыныс жасалып, бұл бастама қолдау тапқан. Оны іске асыру рәсімдердің мерзімін қысқартып, адал жеткізушілердің қатысуын жеңілдетіп, жалған құжаттарды ұсыну фактілерін азайтуға мүмкіндік береді.

Үшінші бағыт — «Омаркет» жүйесінде антифрод-бақылауды енгізу. 2025 жылғы 23 қазаннан бастап Қаржы министрлігі әзірлеген, бағаларды негізсіз көтерудің алдын алуға бағытталған зияткерлік жүйе жұмыс істейді. Механизм автоматты түрде жұмыс істейді — жүйе баға ұсыныстарын талдап, оларды нарықтық деректермен салыстырып, ауытқуларды анықтайды. Айтарлықтай айырмашылық болған жағдайда жеткізушіге хабарлама жіберіледі, ал сыни ауытқулар кезінде мұндай ұсыныстар қабылданбауы мүмкін.

Бұл құрал өз тиімділігін көрсетті – қазіргі уақытта тапсырыс берушілер тарапынан бағаларды жүйелі түрде негізсіз көтеру фактілері байқалмайды. Жалпы алғанда, бұл негізсіз баға өсімінің алдын алуға, адал қатысушыларды қорғауға және сатып алудың ашықтығын арттыруға мүмкіндік береді.

Соңында, төртінші маңызды аспект – жаңа Қағидалардың 74-тармағын қолдану. Бұл норма тапсырыс берушіге әлеуетті жеткізушілерден жұмыстарды немесе қызметтерді нақты орындау өңірінде тіркелген материалдық және еңбек ресурстарының болуын талап ету құқығын береді. Бұл шара міндеттемелерді сапалы әрі уақытылы орындауды қамтамасыз етуге бағытталған, сондай-ақ жергілікті мердігерлерге қосымша артықшылықтар беріп, өңірлердегі бизнестің дамуын ынталандырады.

– Қабылданған өзгерістер нәтижесінде жергілікті жеткізушілердің үлесінің артқаны байқалады. Жалпы алғанда, қабылданып жатқан шаралар мемлекеттік сатып алу жүйесінің ашықтығын, тиімділігін және оған деген сенімді арттыруға бағытталған, – деді облыс әкімдігі мемлекеттік сатып алу басқармасының басшысы Ғалым Әбдіқазиев.

ЗАҢ АЯСЫНДА

ТҰТЫНУШЫ ҚҰҚЫҒЫ ТҰРАҚТЫ НАЗАРДА

Сауда салалары бойынша ең көп шағым бөлшек, электрондық саудада, тұрмыстық қызмет көрсетуде және тұрғын үй коммуналдық шаршуашылығында байқалады. Бұл көрсеткіш бір жағынан тұтынушылық мәдениеттің артқанын көрсетсе, екіншіден өз ісіне жауапсыз кәсіпкерлік қызметінің көбейгенін көрсетеді. Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Жамбыл облысы бойынша сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті басшысының орынбасары Байқадам Дүйсенбаевтың айтуынша, тұтынушылардың құқығын қорғау бойынша 2026 жылдың I тоқсанында департаментке 491 өтініш түскен. Бұл 2025 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 83 өтінішке артық.

– Сауда қызметі саласы бойынша есепті кезеңде 39 өтініш түсті, бұл 2025 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 88 өтінішке аз. Түскен өтініштердің жалпы санынан 452 өтініш тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласына қатысты. Бұл 2025 жылдың I тоқсанымен салыстырғанда 173 өтінішке артып отыр. Департамент тұтынушылардың өтініштері негізінде 43 тексеру жүргізді. Атап айтсақ, сауда саласында – 37 тексеру (негізгі себеп: әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына сауда үстемесінің көтеріп сатуы), тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында – 6 тексеру (себептері: тұтынушының шағымына жауап бермеу, тауарды айырбастаудан қайтарудан бас тарту). Ал Тараз қаласында орналасқан бірнеше ірі сауда желілеріне тұтынушылардың өтініштерінің негізінде, сөредегі баға, кассадағы бағамен сәйкес келмеуі бойынша ағымдағы жылдың 1-тоқсанында жоспардан тыс тексеріс ашылып, аталған ірі субъектілеріне департаментпен 2595000 айыппұл салынды, – дейді ол.

Облыстағы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасының өсімін дер кезінде анықтау мақсатында, департаментпен дүкендерге, маркеттерге, сонымен қатар әлеуметтік желілерге аптасына екі рет мониторингтар жүргізіліп отырады. Егерде, мониторинг барысында, бағаның ресми статистика бағасынан асып отырғаны байқалса, аталған кәсіпкерлерге «Сауда саласын реттеу туралы» заңнаманың талаптары түсіндіріліп, оны жөнге келтіру жұмыстары шұғыл атқарылды.

Аталаған жұмыстар Департаменттің және Сауда және интеграция министрлігінің ресми сайттарында жарияланып отырады. Тұтынушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында Департамент кең ауқымды ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізілуде. Атап айтсақ, әлеуметтікжелілерде (Instagram, Facebook) – 561, өңірлік БАҚ-та – 16, ҚТҚҚ сайтында – 4, басқа сайттарда – 2 мақала жарияланған.

Бетті дайындаған
М. ҚҰЛИБАЕВ.

«АЙБЫН – 2026»

БОЛАШАҚ САРБАЗДАР ӘСКЕРИ-СПОРТТЫҚ САЙЫСТА ШЫҢДАЛДЫ

Отан қорғау абыройлы міндет, бүгінгі оқушы – ертеңгі Қарулы Күштер қатарындағы жауынгер. Әскери «Патриот» айлығы аясында, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің 34 жылдығына және Ұлы Отан соғысындағы Жеңісінің 81 жылдығына орай Мойынқұм ауданы білім бөлімі мектеп оқушылары арасында «Айбын-2026» әскери-спорттық сайыс өткізілді. Сайыс Мыңарал стансасындағы Мыңарал орта мектебінің спорт алаңында өткізілді.

Іс-шараға Мойынқұм ауданының білім бөлімінің әдістемелік кабинетінің әдіскері Медет Тойшыбеков пен Қайрат Рұсқұлбеков атындағы орта мектебінің алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушы Нұрсұлтан Берік қатысып, өздерінің әскери тәжірибелерін болашақ Отан қорғаушылармен бөлісті. Мыңарал орта мектебі алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы Бауыржан Мәлімбеков те осы жиында өзінің шәкірттерімен бірге жоғары өнер көрсетіп, сапалы дайындықпен келгенін байқатты.

Жиынның басты мақсаты – жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу, жастарды әскери-патриоттыққа тәрбиелеу, саламатты өмір салтын насихаттау және дамыту бойынша жұмыстардың мазмұнын жетілдіру. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Патриот болу – алаңға шығып ұрандату емес, қажырлы еңбек ету. Ел мен жердің қасиетін жүрегімен сезіне білген адам ғана ерлікке бара алады. Бұл – жастарымызға тән қасиет», деп атап өткен болатын. Жастарға патриоттық тәрбие беру – елдің болашағына салынған берік негіз!

Әскери-спорттық сайысқа Мойынқұм ауданы білім беру ұйымдарының оқушылар командалары қатысты. Атап айтар болсақ: Мыңарал орта мектебінің командасын өзім басқардым. Сонымен қатар Кенесары Қасымов атындағы шағын орталықты орта мектебі жетекшісі Исалиев Сұлтан, №1 орта мектебі жетекшісі Құттыбаев Самат, Әлтай Төлепбергенов атындағы орта мектебі жетекшісі Қалдарбеков Нұржан әскери ойынға шәкірттерін жақсы дайындықпен әкеліпті. Әр команда 10 оқушыдан құралды. Атап айтқанда, 7 ұл, 3 қыз. Бұл сайыс та қыздар да өздерінің дайындықтарының жоғары екенін байқатты.

Алдымен мектептің спорт алаңында командалар сапқа тұрғызылып, мемлекеттік Ту енгізіліп, Әнұран орындалды. Пневматикалық винтовкадан жатып ату, садақ ату, АК-74 оқу қаруын жартылай бөлшектеу және жинақтау, кермеде тартылу, гір көтеру, қол күрес (армрестлинг) және арқан тарту сайыстары бойынша үздіктер анықталып, іріктелді. Міне, осылай нағыз жігер мен намыс сыналатын сәтте әр команда жұдырықтай жұмылып, бірлік пен қажымас жігерлерін көрсетті.

Жарыс қорытындысы бойынша үздік нәтиже көрсеткен командалар жеңіс тұғырынан көрініп, жүлделі орындарды қанжығасына байлады. Арнайы комиссияның шешімімен бірінші орынды Кенесары Қасымов атындағы шағын орталықты орта мектебінің командасы иеленсе, екінші орын Мыңарал орта мектебі командасы құрамасына бұйырды. Жүлделі үшінші орындарды Әлтай Төлепбергенов атындағы орта мектебі құрама командасы мен №1 орта мектебі құрама командалары өзара бөлісті.

Қатысушылар өздерінің табандылығы мен жоғары дайындығының арқасында көрермендердің ыстық ықыласына бөленіп, өз мектептерінің намысын абыроймен қорғады. Әсіресе жеңімпаз атанған командалар ұйымшылдық пен шеберліктің үлгісін көрсетті. Бүгін мектеп намысын абыройлы қорғағандар ертең ел намысын, елініміздің шекарасын да үлкен жауапкершілікпен қорғай алады. Дәл осы намысшыл оқушылардан ертең әскерден қашатын емес, әскерге баруға асығатын азамат шығады.

– Елдің әскері сол мемлекеттің жігерлі, жас, физикалық күші мықты 18 жастағы және 18 жастан асқан азаматтарынан құралады. Әскери борышыңды өтеу – азаматтық міндетің. Отанды сүю – әр азаматтың қасиетті борышы. Ал оны қорғау жолында ерлік көрсетіп, жанын шүберекке түйіп, ел тыныштығы үшін майданға аттанған жандардың орны ерекше.

Міне, сол Отанын сүйген ғаламат жандар бізге үлгі. Сондай ардақты тұлғалардың бірі – менің атам Түсіп Мәлімбеков. Атам 1909 жылы бұрынғы Көктерек ауданы, Мыңарал ауылында дүниеге келген. Кең байтақ Отанымызға қауіп төнген ең қиын кезеңінде, яғни 1942 жылы туған елін қорғау үшін Ұлы Отан соғысына аттаныпты. Ол Қызыл әскер қатарына Шу ауданының жергілікті әскери бөлімінен шақырылады. Әскери борышын 39-резервтік атқыштар полкінің 3-резервтік атқыштар дивизиясы бастаған. Соғыс жылдары атам Түсіп ауыр күндерді бастан өткеріп, алдыңғы шепте шайқасты. Сталинград шайқасына қатысқан, Белоруссия майданында ауыр жарақаттар алып, госпитальде емделіп, қайтадан майдан даласына оралып, соңына дейін табандылық танытқан. Отанын қорғау жолында қарша борап тұрған оққа қарай талай рет шабылға шыққан екен. Командирлерінің бұйрығын бұлжытпай орындаған. Оны кейіннен ұлқыздарына, ауылдастарына әңгімелеп, айтып беріп отырған.

Польша шекарасында бір қол бір аяқтан жаралы болып, контузия алып, госпитальдан кейін 1944 жылы елге қайтарылған. Сол бір зұлмат жылдары атам майдан шебінде жауға қарсы күресіп, Отан үшін от кешіп, бейбіт өмір сыйлау жолында жан аямай қызмет еткені – біздей ұрпақтары үшін мақтаныш. Туған елінің болашағы, ұрпағының бейбіт өмірі үшін ештеңеден тайсалмай, майдан даласында жанкешті ерлік көрсеткен қазақтың қайсар ұлы. Соғыс аяқталған соң атам туған жерге оралып, бейбіт өмірде де елге адал еңбек етті. Жас ұрпаққа үлгі болып, ақыл-кеңесін аямай, үлкенді сыйлауға, елді сүюге тәрбиеледі. Оның қарапайым, бірақ биік болмысы — бүкіл әулетіне өнеге. Денесінен алынбай қалған оқ қалдықтарының зардабынан - сүйекке қадалған, қоса біткен етке, жыл сайын Алматы дағы әскери госпитальда емделуге жіберетін. кейін инсульт алып, жаралы қолымен аяғы парализовать етілді. Талай жыл емделсе түзелмеді. 1983 жылы 19 сәуірде 74 жасқа қараған шағында қайтыс болды. Оның төзімділігі мен батырлығы, Отанға деген адалдығы – ұзақ әңгіме. Атамның есімін ауылдастар да үлкен құрметпен айтып отырады.

Атамның ерлік жолын әрдайым еске аламын. Ол – менің рухани тірегім, өмірлік үлгі тұтар тұлғам. Атамның жолын қуып ұстаздық қызмет атқарып жүрмін. Алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі ретінде ауыл жастарын әскерге дайындап жүргенімді де мақтан етемін. Өзім де Қазақстан Республикасының әскери саласына болашақ сапбаздарды сапалы дайындау арқылы үлесімді қоса беремін, – дейді Мыңарал орта мектебі алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы Бауыржан Мәлімбеков.

Осылайша, «Айбын – 2026» әскери-спорттық сайыс жас сарбаздардың рухын шыңдап қана қоймай, олардың бойындағы жеңіске деген жігерін арттырған маңызды іс-шара болды.

ЦИФРЛЫҚ ЖОБА

ӘСКЕРГЕ БАРУ ЕНДІ ОНЛАЙН ЖҮЙЕ АРҚЫЛЫ ЖҮЗЕГЕ АСАДЫ

Елімізде мерзімді әскери қызметке шақыру жүйесі жаңа форматқа көшті. Енді әскери борышын өтеуге ниетті азаматтар онлайн түрде өтініш бере алады. Бұл бастама Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі қолға алған SARBAZ + жобасы аясында жүзеге асырылуда.

Жаңа жүйе арқылы үміткерлер арнайы myarmy.kz платформасында тіркеліп, әскери қызметке қабылдану үшін қажетті өтінімді электронды форматта жолдайды. Цифрлық жоба әскерге қабылдау үдерісін жеңілдетіп қана қоймай, оның ашықтығы мен қолжетімділігін арттыруға бағытталған.

Министрлік мәліметінше, жүйедегі барлық кезең автоматтандырылған. Алдымен азамат сайт арқылы өтініш беріп, талаптармен танысады. Кейін құжаттары тексеріліп, медициналық комиссиядан өтуге шақырту алады. Одан соң әскери бөлім өкілдерімен сұқбаттасу өткізіліп, нәтижесінде түпкілікті шешім қабылданады.

Мамандардың айтуынша, мұндай цифрлық тәсіл жастардың уақытын үнемдеп, әскери қызметке іріктеудің әділ әрі жүйелі жүруіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар жоба сарбаздардың кәсіби және технологиялық бағыттағы білімін жетілдіруге де басымдық береді.

SARBAZ + бағдарламасы аясында әскери қызметшілер заманауи технологияларды меңгеруге мүмкіндік алады. Атап айтқанда, арнайы оқу сыныптарында радиобайланыс негіздері, дрон басқару тәсілдері, киберқауіпсіздік, деректерді қорғау және ақпараттық технологиялар бағытындағы дағдылар үйретіледі. Бұдан бөлек, жасанды интеллект элементтерімен жұмыс істеу мен ағылшын тілін жетілдіру курстары да қарастырылған.

Сала мамандары қазіргі әскери қызметтің мазмұны түбегейлі өзгеріп келе жатқанын айтады. Яғни бүгінгі әскер тек физикалық дайындықпен шектелмей, интеллектуалдық және техникалық қабілетті дамыту алаңына айналып отыр.

Қорғаныс министрлігінің деректерінше сүйенсек, жобаға қызығушылық танытушылар саны артып келеді. Қазіргі таңда жүздеген өтінім қабылданып, олардың бірқатары іріктеу кезеңінен өткен. Бұл жастардың әскери қызметке деген көзқарасының өзгеріп, заманауи мүмкіндіктерге бейімделе бастағанын аңғартады.

Сарапшылардың пікірінше, мұндай цифрлық жобалар әскери қызметтің беделін арттырып қана қоймай, жастарды жаңа технологияларды игеруге ынталандырады. Демек, онлайн жүйенің енгізілуі – еліміздегі цифрландыру саясатының нақты нәтижесінің бірі.

ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖЫЛЫ

ӘСКЕРИ МЕКТЕП-ИНТЕРНАТ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРІ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ ӘЛЕМІМЕН ТАНЫСТЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен елімізде қолға алынған ауқымды цифрландыру және барлық салаға жасанды интеллектті енгізу жұмыстары Қарулы Күштерді де айналып өтпеуде. Өйткені, уақыт бұл саланы да заман талабына сай жаңғыртуды, цифрландыруды және жасанды интеллект технологияларын енгізуде талап етіп отыр. Ал ол Қарулы Күштер қатарын осы технологияларды жетік меңгерген білікті мамандармен толықтыруды қажет ететіні түсінікті.

Осы мақсатта Тараз қаласындағы «Zhambyl Hub» өңірлік орталығында мамандандырылған әскери мектеп-интернатының тәрбиеленушілеріне арналған «Open Day» форматындағы ашық есік күні ұйымдастырылды. Болашақ сарбаздар заманауи технологиялар мен стартап әлемінің қыр-сырымен танысты.

Кездесу барысында оқушыларға «Astana Hub» халықаралық технопаркінің экожүйесі, оның жастарға ұсынатын мүмкіндіктері және өңірдегі цифрлық жобаларды дамыту бағыттары кеңінен таныстырылды. Сонымен қатар технологиялық кәсіпкерлік, стартап құрудың алғашқы қадамдары мен инновациялық идеяларды жүзеге асыру жолдары жөнінде ақпарат берілді.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай шаралардың басты мақсаты – жас буынның цифрлық сауаттылығын арттырып, «IT» саласына деген қызығушылығын ояту. Сондай-ақ оқушылардың шығармашылық әрі сыни ойлау қабілетін дамытуға, жаңа технологияларды еркін меңгеруіне мүмкіндік жасау көзделген.

Іс-шара аясында жастар «Zhambyl Hub» орталығының жұмысымен танысып, мұнда стартап жобаларды дамытуға арналған қолдау бағдарламалары туралы мәлімет алды. Оқушылар инновациялық идеяны нақты жобаға айналдырудың жолдары мен «IT» саласындағы заманауи үрдістер жөнінде пікір алмасты.

Бүгінде «Zhambyl Hub» өңірдегі технологиялық кәсіпкерлікті дамытуға серпін беретін маңызды орталықтардың біріне айналып келеді. Мұнда жастардың цифрлық білімін жетілдіруге, жаңа бастамаларды қолдауға және талантты жас мамандардың қалыптасуына ерекше көңіл бөлінуде.

Мамандардың пікірінше, осындай танымдық кездесулер өскелең ұрпақтың болашақ мамандығын дұрыс таңдауына және инновациялық ортаға бейімделуіне жол ашады.

ЖАРЫС

ӘСКЕРИЛЕНДІРІЛГЕН ЭСТАФЕТА

жастардың жігерін жанып, шеберлігін шыңдады

Бүгінгі таңда өскелең ұрпақтың бойында отансүйгіштік сезімді ұялатып, оларды ел қорғауға даярлау — мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Осы орайда Мойынқұм ауданында жастардың жігерін жанып, шеберлігін шыңдаған ерекше іс-шара ұйымдастырылды.

Аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімі «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен «Ұранды елдің ұрпағы қайсар» атты әскерилендірілген эстафеталық жарыс өтті. Бұл іс-шара жай ғана спорттық бәсеке емес, жастардың бойындағы мемлекеттшілдік рухты оятуға бағытталған маңызды қадам болды.

Іс-шараның бірнеше маңызды мақсаты бар. Отансүйгіштікке баулу: жастардың бойында патриоттық қасиетті қалыптастырып, ел алдындағы азаматтық борыш сезімін арттыру; Әскери дайындық: болашақ сарбаздардың әскери-патриоттық тәрбиесін күшейтіп, оларды ел қорғау жолындағы жауапкершілікке үйрету; Дене шынықтыру: жастардың дене дайындығын шыңдап, жылдамдық, ептілік және төзімділік сияқты қабілеттерін дамыту. Жарыстың тағы бір маңызды қыры — жастар арасында саламатты өмір салтын насихаттау және олардың арасындағы бірлік пен командалық рухты нығайту болып табылады. Мұндай іс-шаралар жастардың бос уақытын тиімді өткізіп қана қоймай, оларды тәртіпке, төзімділікке және Отанға қызмет етуге тәрбиелейтіні анық.

Жарыс барысында қатысушылар түрлі әскери кезеңдерден өтіп, өздерінің ептіліктерін көрсетті. Атап айтқанда, қаруды шашып-жинау, кедергілерден өту және командалық жұмыс істеу дағдылары сыналды. «Ұранды елдің ұрпағы» атауына сай, аудан жастары өздерінің қайсарлығы мен дайындықтарын жоғары деңгейде көрсете білді.

Бетті дайындаған
Е. ДОСАЛЫ.

ЕСІРТКІСІЗ БОЛАШАҚ

ЖАСТАРДЫ ЗИЯНДЫ ӘДЕТТЕН САҚТАЙЫҚ

Қазіргі таңда есірткі бизнесі – тек құқық қорғау органдарының ғана емес, бүкіл қоғамның алаңдаушылығын тудыратын күрделі мәселе. Оның зардаптары жеке адамның денсаулығына ғана емес, тұтас ұлттың болашағына қауіп төндіреді. Сондықтан бұл індетпен күресуде қоғамдық бастамалардың рөлі ерекше маңызды.

Есірткі бизнесіне қарсы күрес тек жазалау шараларымен шектелмеуі тиіс. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, алдын алу, ағарту және әлеуметтік қолдау шаралары әлдеқайда тиімді. Осы тұрғыда қоғамдық ұйымдар, еріктілер қозғалысы, білім беру мекемелері мен белсенді азаматтардың бірлескен әрекеті шешуші мәнге ие.

Біріншіден, ақпараттық-ағартушылық жұмыстарды күшейту қажет. Жастар арасында есірткінің зияны туралы шынайы, ғылыми негізделген ақпарат жеткізу – басты міндеттердің бірі. Әлеуметтік желілер, бейнероликтер, семинарлар мен тренингтер арқылы жүргізілетін түсіндіру жұмыстары жасөспірімдердің дұрыс таңдау жасауына ықпал етеді.

Екіншіден, жастарды пайдалы әрі қызықты іс-шараларға тарту маңызды. Спорттық, шығармашылық үйірмелер, еріктілер қозғалысы – бұлардың барлығы жастардың бос уақытын тиімді өткізуіне көмектеседі. Бұл өз кезегінде олардың зиянды әдеттерден аулақ болуына ықпал етеді.

Үшіншіден, тәуекел тобына жататын азаматтармен жүйелі жұмыс жүргізу қажет. Қоғамдық ұйымдар мен психологтар есірткіге тәуелділікке бейім адамдармен жеке жұмыс істеп, оларды қайта әлеуметтендіруге көмектесуі тиіс. Бұл бағытта оңалту орталықтарының да рөлі зор.

Сонымен қатар, ата-аналардың жауапкершілігін арттыру да маңызды. Баламен ашық сөйлесу, оның ортасын бақылау, психологиялық қолдау көрсету – есірткіге қарсы профилактиканың негізгі элементтері.

Есірткі бизнесіне қарсы қоғамдық бастамалар тек белгілі бір топтың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ ісі болуы тиіс. Әр азамат бұл мәселеге бейжай қарамай, өз үлесін қосқанда ғана нақты нәтижеге қол жеткізуге болады.

Есірткі бизнесімен күрес – ұзақ мерзімді әрі кешенді тәсілді қажет ететін процесс. Қоғамдық бастамалар осы күрестің ажырамас бөлігі болып табылады. Бірлік пен жауапкершілік арқылы ғана біз болашақ ұрпақты бұл қауіптен қорғай аламыз.

Ж. УСЕЙНОВ,
Қасқабұлақ ауылдық округінің әкімі.
Жамбыл облысы.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

ЕСІРТКІМЕН КҮРЕС - ОРТАҚ ІС

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауында негізгі басым бағыттардың бірі ретінде есірткі қылмыстарымен күресуді және оның алдын алуды айқындап берген болатын. Жамбыл облысының географиялық орналасуына байланысты өңірде есірткі бизнесінің алдын алу және оған қарсы күрес күшейтілген. Жалпы облыс аумағында табиғи жағдайда 65 мың гектар алқапты алып жатқан, бірқатар есірткі құралдарын дайындауға шикізат болып табылатын жабайы қара сора өсетін Шу алқабы орналасқан.

Облыстық прокуратураның мәліметінше, аймақта «Есірткісіз болашақ» профилактикалық жобасы іске асырылуда. Оның негізгі мақсаты – есірткі құралдарының заңсыз айналымына байланысты қылмыстардың алдын алу, анықтау және жолын кесу. Жоба аясында жабайы қарасора өсетін нақты учаскелер айқындалып, өткен жылы жалпы көлемі 5887 гектар аумақта 3919 тонна есірткі құрамды өсімдіктер жойылды. Бұл олардың еліміздің басқа өңірлеріне таралуын едәуір қысқартуға мүмкіндік берді. Биыл да есірткі құрамды алқаптар жойылуда.

Есірткі қылмысы халықтың денсаулығына, қоғамдық имандылыққа және қауіпсіздікке қол сұғатындықтан, жоғары қоғамдық қауіптілікке ие. Сонымен қатар есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және олардың аналогтарының заңсыз айналымы ұйымдасқан қылмыстың өсуіне, азаматтарды, оның ішінде жастарды, қылмыстық әрекеттерге тартуға, сондай-ақ ілеспе қылмыстардың жасалуына ықпал етеді. Мәселен, былтыр құқық қорғау және арнаулы органдармен бірлесіп қабылданған шаралар нәтижесінде осы санаттағы қылмыстарды анықтау 10,1 пайызға (483-тен 532-ге дейін) артқан. Сондай-ақ прокуратураның үйлестіруімен 1 фитозертхана және еліміздің басқа өңірлеріне есірткі жеткізу арналарын қамтамасыз еткен 2 наркозертхана анықталған. Наркозертханалардың бірінде «куратор» анықталып, ол синтетикалық есірткінің 50-ден астам жасырылған орнының координаттарын хабарлады. Сөйтіп есірткі қылмыстарына қатысы бар 11 қылмыстық топтың әрекеті тоқтатылды, 2 халықаралық және 27 өңірлік есірткі жеткізу арнасы әшкереленді.

Сонымен қатар есірткілердің дәстүрлі түрін еліміздің басқа өңірлеріне жеткізумен айналысқан 2 ірі қылмыстық топтың жұмысы тоқтатылған. Бақыланатын жеткізу барысында 12 килограмм «мефедрон» тәркіленді. Сондай-ақ, Алматы қаласынан Тараз қаласының дәріханалары арқылы өткізу мақсатында тыйым салынған психотроптық зат – «трамадолды» жеткізумен айналысқан 5 адамнан тұратын ұйымдасқан қылмыстық топтың әрекеті әшкереленді.

Есірткімен күрес бүгінгі күні де тоқтаусыз жүргізіліп келеді. Бұл бағытта қоғамдық орындарда, мектептер мен жоғары оқу орындарында тиісті түсіндірме жұмыстары жүргізілуде. Бүгін өңірлік Қылмыстық-атқару жүйесі департаментіне бағынысты қауіпсіздігі барынша төмен №26 мекемесіндегі сотталғандарға Қылмыстық Кодекстің 296 және 297-баптарына сәйкес тиісті түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Облыстық полиция департаментінің есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасы мен аймақтық ҚАЖ департаментінің №26 мекемесі арасындағы жоспарға сәйкес ұйымдастырылған жиын барысында тәртіп сақшылары елімізде нашақорлыққа қарсы күрес күшейгенін атап өтті.

Естеріңізде болса, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2024 жылдың 27 желтоқсанында есірткінің заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша заңға қол қойған еді. Бұл заң 2025 жылдың 3 наурызынан бастап күшіне енді. Ал бұл заңға енгізілген өзгертулерге сәйкес, есірткі бизнесін ұйымдастырушылар және есірткі таратушылар, оның ішінде «есірткі жасырушылар» үшін қылмыстық жауапкершілік бөлінген. Егер олар үшін Қылмыстық Кодекстің 297-бабы бойынша бірыңғай жаза қолданылған болса, енді есірткі жасырушылар сол 297-бап бойынша, бірақ төмендетілген санкциялармен тартылатын болады. Бұған дейін қылмыстық жауапкершілік тек прекурсорлардың контрабандасы үшін көзделген. Аталған өзгерістер прекурсорлар мен күшті әсер ететін заттардың айналымына бақылауды күшейтуге мүмкіндік береді. 7 жылдан 12 жылға дейін бас бостандығынан айыруды құрайды, бұрын 10 жылдан 15 жылға дейін болған.

Есірткі құралдарының заңсыз айналымына қатысу мүлкін тәркілей отырып, өмір бойына бас бостандығынан айыруға дейін қатаң қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғатынын еске салғым келеді. Нашақорлық қылмыстарына қарсы іс-қимыл – мемлекет пен қоғам күш-жігерін біріктіруді талап ететін басым міндет.

М. ҚҰЛИБАЕВ.
Жамбыл облысы.

ҚҰҚЫҚ ТӘРТІБІ

ЖУАЛЫЛЫҚ ПОЛИЦЕЙЛЕР МАЛ ҰРЛЫҒЫН ІЗІН СУЫТПАЙ АШТЫ

Халқымыз үшін төрт түліктің орны ерекше. Амандасқанда да «мал-жан аман ба» деп хал сұрасамыз. Себебі, ел малмен күн көреді. Ауыл халқы әлі де малмен жан бағып отырғаны белгілі. Өкініштісі ел ішінде мал ұрлығына тыйым болмай тұр. Осы ұры-қарлыққа қатысты жазаны ауырлату туралы бірнеше жыл бұрын Мемлекет басшысы бірнеше заңға қол қойып еді. Атап айтсақ, мал ұрлағандар мен мас күйінде көлік жүргізгендерге қатысты заңды қатайтқанын жақсы білеміз. Ал мал ұрлығын ауыр қылмыс санатына қосқан болатын. Сондай-ақ заңда ол қылмыстық топтың құрамы мен көлеміне қарай барымташыларды 12 жылға дейін бас бостандығынан айыру да қарастырылған.

Қазіргі таңда еліміздегі халықтың 42 пайызы, ал өңірімізде 63 пайызы ауылды жерде тұрады. Олардың көпшілігінің негізгі табыс көзі – қорасындағы малы. Сол себепті, егер қылмыскер қора-жайға, фермаға ұрлыққа түсіп, үлкен мөлшерде шығын әкелсе, ұрылар топтасып болса, бұл ауыр қылмыс санатына өтеді. Заңға енген өзгерістерге сәйкес мұндай жағдайда екі жақтың ымыраға келуі арқылы да қылмыстық іс тоқтатылмайтын болды.

Полиция өкілдерінің айтуынша, жуырда Жуалы ауданы полиция бөліміне кешкі уақытта мал иесінен аудан аумағындағы шаруа қожалықтарының біріндегі жайылымнан жылқы малдарының жоғалғаны туралы хабарлама түскен. Мал иесі жылқыларға алдын ала орнатылған GPS бақылау құрылғысы арқылы олардың белгісіз бағытқа қарай қозғалып бара жатқанын байқап, дереу 102 нөміріне хабар берген. Аталған дерек бойынша ҚР Қылмыстық кодексінің алдын ала сөз байласуы арқылы адамдар тобы болып, ірі мөлшерде бөтеннің малын жасырын жымқыру бабымен сотқа дейінгі тергеп-тексеру ісі басталды.

Хабарлама түскен сәттен бастап аудандық полиция қызметкерлері жедел-іздестіру шараларына кірісіп, түнгі уақытта, қар аралас жаңбыр жауып тұрғанына қарамастан, GPS деректері негізінде күдіктілердің бағытын анықтап, із кесу жұмыстарын жүргізді. Нәтижесінде ұрланған жылқылардың көрші ауыл аумағында жасырылғаны белгілі болып, 11 бас жылқы толықтай табылып, заңды иесіне қайтарылды. Жүргізілген жедел іс-шаралар барысында мал ұрлығына қатысы бар Жуалы ауданының бір тұрғыны анықталып, уақытша ұстау изоляторына қамалды. Қылмысқа қатысы бар өзге де тұлғаларды анықтау және ұстау бағытында жұмыстар жалғасуда. Қазіргі уақытта сотқа дейінгі тергеп-тексеру амалдары жүргізілуде.

«Өз басым Мемлекет басшысының мал ұрлығына қатысты заңды қатайтқанын құптаймын. Оны дер кезінде қабылданған дұрыс шешім болды деп есептеймін. Бұдан бұлай ұрыға, әсіресе елдің қорасына түсіп, жайылымнан айдап кеткен маңдай терімен тапқан малын ұрлағандарға аяушылық болмауы керек. Ендігі жерде, ұры заңнан ғана емес, ауыл халқының қаһарынан қорқуы керек. Әрбірден кейін мал ұрлығы болған ауылдың да учаскелік полиция инспекторын жауапкершілікке тарту керек сияқты. Өйткені ол ондағы барлық адамды таниды, кімнің ұрлық жасауға бейім екенін біледі. Өмірлік тәжірибенің өзі қай ауылдың заң қызметкері жұмыс істемейді сол ауылда мал ұрлығының көп болатындығын көрсетіп отыр. Қалай десек те таяқтың екі ұшы бар. Бір ғана айтарым, ауылдық округтердегі құқық қорғау қызметкерлерінің қырағылығын арттырса, ұрлық та тиылады, дейді Жуалы ауданының тұрғыны Зайырбек Сұлтанмұратов.

Г. НАУРЫЗБАЕВА.
Жамбыл облысы.

ҚЫЛМЫС ПЕН ЖАЗА

ТАБИҒАТ ҚАСКӨЙЛЕРІМЕН КҮРЕС ЖҮЙЕЛІ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Жамбыл облысында өткен жылы мемлекеттік орман және аңшылық алқаптардың резервтік қорында 1073 рейд жүргізілді. Нәтижесінде орман заңдылығын, аң аулау және балық аулау ережесін бұзу фактісі бойынша 682 әкімшілік хаттама толтырылды. Заңдылықты бұзған браконьерлерге 11209,5 мың тенге айыппұл салынды.

2024 жылы заңсыз аң аулау фактісі бойынша жеті қылмыстық іс тіркелген болатын. Бес қылмыстық іс бойынша айыпталушыларға 3 жылдан 4 жылға дейінгі бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалды. Табиғатқа келтірілген залал көлемі 49,8 миллион тенгені құрады. Қазіргі таңда, 40,9 миллион тенге қаражат өндірілді.

Ал ағымдағы жылы аң аулау заңнамасын өрескел бұзу фактісі бойынша 8 қылмыстық іс тіркеліп отыр. Үш жабайы шошқа, бір елік, төрт қарақұйрық ату фактісі («Қордай- Жайсан» ерекше қорғалатын табиғи аумағында) және Қаратау арқарын («Жуалы-Қарашат» ерекше қорғалатын табиғи аумағында) ату фактісі тіркелді. Аталған оқиғалар бойынша ҚР ҚК 337-бабына сәйкес қылмыстық іс қозғалды. Табиғатқа келтірілген залал көлемі 92,008 миллион тенгені құрады.

Біздің басқарма заңсыз жер қойнауын пайдаланудың алдын алу бойынша да жүйелі жұмыстар атқаруда. Атап айтқанда, заңсыз жер қойнауын пайдаланудың алдын алу мақсатында арнайы іс-шаралар жоспары әзірленіп, 2024 жылғы тамыз айында бекітілді. Аталған жоспарға сәйкес аудан және қала әкімдіктерінің қатысуымен мобильді топтар құрылып, олардың құрамына маркшейдер мамандар тартылды.

Осы жоспар аясында 2025 жылғы 4–7 қараша және 17–19 желтоқсан аралығында Мойынқұм, Шу, Қордай, Сарысу, Талас, Жуалы, Меркі, Тұрар Рысқұлов, Байзақ және Жамбыл аудандарында рейдтік зерделеу жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде 98 жер учаскесі қаралды. Оның ішінде 24 учаскеде рекультивация жүргізу қажет еместігі анықталды. Бір учаске заңды карьер ретінде рәсімделді; үш учаскеде рекультивация жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар, аудан әкімдіктеріне алты шаруа қожалығына қатысты шара қолдану жөнінде хат жолданып, жеті учаске бойынша қосымша зерделеу қажеттілігі анықталды. Алты учаске қоқыс полигоны ретінде заңдастырылуда, ал 51 учаскені рекультивациялау жөнінде аудан әкімдіктеріне тиісті хаттар жолданды.

Анықталған заңсыз өндіру фактілері бойынша материалдар Жамбыл облысының жер ресурстарын басқару департаментіне және Экология департаментіне жолданды.

Н. ЕГЕМБЕРДИЕВ,
Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы.

ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

ЖАМБЫЛДА ІРІ КӨЛЕМДЕГІ ЕСІРТКІ АЙНАЛЫМЫНЫҢ ЖОЛЫ КЕСІЛДІ

Жамбыл облысында полицейлер заңсыз есірткі сақтау және тасымалдау деректерін анықтап, ірі көлемдегі гашиш затын тәркіледі. Облыстық Полиция департаментінің Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасы жүргізген жедел іс-шаралар нәтижесінде екі бірдей күдікті ұсталды.

Алғашқы дерек Меркі ауданында тіркелді. Тәртіп сақшылары 64 жастағы тұрғынның үйіне тінту жүргізу барысында құрамында «гашиш» есірткі заты бар пакетті тапқан. Қазіргі уақытта аталған заттың заңсыз сақталу мақсаты жан-жақты тексерілуде.

Сондай-ақ, «Қордай–Алматы» тас-жолының 238-шақырымында күдік тудырған ақ түсті Toyota автокөлігі тоқтатылды. Көлікті тексеру кезінде 48 жастағы жолаушы әйелдің сөмкесінен гашиш салынған төрт бірдей орама анықталған. Тәркіленген есірткі заттарының жалпы салмағы 2 келі 791 грамм 38 миллиграммды құрады. Бұл аса ірі көлем санатына жатады.

Аталған фактілер бойынша Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 297-бабының 3-бөлігіне сәйкес сотқа дейінгі тергеу амалдары басталды. Күдіктілер уақытша ұстау изоляторына қамалып, олардың өзге де қылмыстық әрекеттерге қатысы бар-жоғы анықталуда. Құқық қорғау органдарының мәліметінше, қазіргі таңда қылмысқа қатысы болуы мүмкін өзге тұлғаларды анықтау бағытында жедел-іздестіру жұмыстары жалғасып жатыр.

Еске сала кетейік, қолданыстағы заңнамаға сәйкес, есірткі заттарын аса ірі көлемде заңсыз сақтау, тасымалдау немесе өткізу мақсатында сақтау ауыр қылмыс саналып, 7 жылдан 12 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы және мүлікті тәркілеу қарастырылған.

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСТЫҚ ПОЛИЦИЯ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

КЕЗДЕСУ

«ТАБЛИҒИ ЖАМАҒАТ» АҒЫМЫНЫҢ ЗИЯНЫ ТҮСІНДІРІЛДІ

Талас ауданындағы «Әбдірашит ата» мешітінде діни сауаттылықты арттыруға бағытталған маңызды кездесу ұйымдастырылды. Басқосу барысында жамағатқа елімізде тыйым салынған «Таблиғи жамағат» діни ағымының зияны мен оның қоғамға тигізер кері әсері жан-жақты түсіндірілді.

Кездесуді мешіттің бас имамы Ахат Қайыпбергенұлы жүргізіп, аталмыш ағымның шығу тарихы мен ұстанымдары туралы кеңінен баяндады. Имамның айтуынша, бұл топ өздерін халықты дінге үндейтін ұйым ретінде көрсеткенімен, олардың әрекеттері қазақ халқы ұстанып келе жатқан дәстүрлі ислам қағидаттарына және ханафи мәзhабының жолына сәйкес келмейді.

Дәріс барысында жат ағым өкілдерінің қоғамнан оқшауландуды насихаттайтыны, азаматтарды отбасы мен әлеуметтік жауапкершіліктен алыстатуға тырысатыны нақты мысалдармен түсіндірілді. Сонымен қатар діни білімі жеткіліксіз адамдарды түрлі «жорықтарға» шақырып, қаражат жинауға үгіттейтін әрекеттері де сөз болды.

Ахат Қайыпбергенұлы әсіресе жастар мәселесіне ерекше тоқталды. Оның айтуынша, радикалды және дәстүрлі емес ағымдар көбіне жастарды нысанаға алады. Олар әлеуметтік желілердегі жабық топтар, бейресми уағыздар мен эмоционалды әсерге құрылған әңгімелер арқылы діни түсініктерді бұрмалап жеткізеді. Осыған байланысты имам жастарды діни білімді тек ресми мешіттер мен білікті мамандардан алуға шақырды.

Кездесу барысында жамағат көкейлеріндегі сұрақтарын қойып, толыққанды жауап алды. Әсіресе «жорыққа шығу» ұғымының ислам іліміне қатысы жоқ екендігі және мұндай әрекеттердің қоғам тыныштығына қауіп төндіруі мүмкін екені кеңінен айтылды.

Жамағат өкілдері мұндай түсіндіру шараларының маңыздылығын атап өтіп, діни сауаттылықты арттыру бүгінгі қоғам үшін аса қажет екенін жеткізді. Сондай-ақ жиында отбасылық тәрбиенің рөлі, жастарға дұрыс бағыт беру және сенімді ақпарат көздеріне жүгіну мәселелері де қозғалды.

Іс-шара соңында бас имам жиналғандарды бірлікке, отансүйгіштікке және ата-баба ұстанған дәстүрлі ислам құндылықтарын берік сақтауға үндеді. Ол алдағы уақытта да осындай ағартушылық кездесулер жалғасып, діни тұрақтылықты нығайту бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізілетінін атап өтті.

Н. ҒАЛЫМ.
Жамбыл облысы.

ҚОҒАМ ЖӘНЕ ДІН

ЖАСТАР ЖӘНЕ ЖАТ ИДЕОЛОГИЯ: РУХАНИ ҚАУІПТІҢ АЛДЫН АЛУ МАҢЫЗДЫ



Қазіргі қоғам үшін ең өзекті мәселелердің бірі – радикалды діни идеологияның таралуы. Бұл құбылыстың күшеюіне тек діни сауатсыздық емес, сонымен қатар әлеуметтік, психологиялық және мәдени факторлар да әсер етуде. Радикалды бағытты ұстанушылар көбіне діни танымы толық қалыптаспаған азаматтарды өз қатарына тартуға тырысып, түрлі психологиялық ықпал ету тәсілдерін пайдаланады.

Мамандардың айтуынша, мұндай топтар эмоциялық әсерге құрылған уағыздар мен интернет ресурстарын кеңінен қолданады. Олар халықтың дәстүрлі діни көзқарасына күмән келтіріп, түрлі сұрақтар арқылы адамның санасына ықпал етуге ұмтылады. Діни білімі әлсіз, ақпаратты талғамсыз қабылдайтын азаматтар мұндай идеологияның жетегінде кетуі мүмкін. Соның салдарынан жалған діни түсініктерді ақиқат деп қабылдап, экстремистік идеялардың ықпалына түсіп қалу қаупі артады.

Зерттеулер жастардың радикалды ағымдардың негізгі нысанына айналып отырғанын көрсетеді. Себебі жастар – жаңашылдыққа бейім, ақпаратты жылдам қабылдайтын әрі жаңа ортаға тез бейімделетін топ. Олар уақыттарының көп бөлігін интернетте өткізетіндіктен, әлеуметтік желілер мен күмәнді сайттардағы діни мазмұнмен жиі бетпе-бет келеді. Осындай ортада жалған ақпаратқа сеніп, теріс ағымдардың ықпалына түсетіндер де кездеседі.

Мамандар жастардың радикалды идеологияға еріп кетуіне бірнеше себеп әсер ететінін айтады. Атап айтқанда, сыни ойлаудың әлсіздігі, ұлттық құндылықтарды жете білмеу, эмоциялық тұрақсыздық, дүниені біржақты қабылдау, интернеттегі діни контентке шектен тыс тәуелділік – негізгі факторлардың қатарында. Мұндай олқылықтар жастарды жалған насихаттың оңай нысанасына айналдырады.

Ғаламтор – қазіргі заманның ең үлкен ақпарат алаңы. Алайда оның пайдалы тұстарымен қатар қауіпті жақтары да бар. Бүгінде радикалды топтар ислам атауын жамылып, бірақ мазмұны дәстүрлі діни құндылықтарға мүлде сәйкес келмейтін сайттар мен парақшалар арқылы өз идеяларын таратуда. Олар қазақ халқының салт-дәстүрін жоққа шығарып, қоғамнан оқшауландуды насихаттап, түрлі діни ұғымдарды бұрмалап түсіндіру арқылы жастардың санасын шатастыруға тырысады. Мұндай әрекеттер қоғам тұрақтылығына кері әсер ететіні анық.

Әрине, интернет кеңістігін толық бақылауда ұстау мүмкін емес. Дегенмен мемлекет тарапынан күмәнді діни сайттарды бұғаттау, теріс ақпараттың таралуына тосқауыл қою және халықтың діни сауатын арттыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заң аясындағы түсіндіру шаралары қоғамдағы тұрақтылықты сақтауға оң ықпалын тигізіп келеді.

Мамандардың пікірінше, жастарды радикалды идеологиядан сақтандырудың ең тиімді жолы – ақпараттық қауіпсіздікті күшейту, медиасауаттылықты дамыту және дәстүрлі рухани құндылықтарды дәріптеу. Сонымен қатар дін туралы ресми әрі сенімді ақпарат көздеріне жүгіну және отбасылық тәрбиені күшейту маңызды.

Өйткені жат ағымның ықпалында кеткен адам тек өз тағдырына ғана емес, тұтас қоғамның болашағына қауіп төндіруі мүмкін. Сондықтан әрбір ата-ана баласының рухани тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп, ұлттық және адамгершілік құндылықтарды бойына сіңіруге күш салуы қажет. Дәстүрлі тәрбие мен дұрыс рухани бағыт алған жас ұрпақ елін сүйетін, парасатты азамат болып қалыптасады.

Қоғамды радикалды идеологиядан қорғау – баршаға ортақ міндет. Бұл бағыттағы жұмыстар отбасы, қоғам және мемлекет деңгейінде бірлесе жүргізілгенде ғана нәтижелі болмақ.

М. МЫРЗАҒАРАЕВ,
Жамбыл облысы әкімдігі «Дін проблемаларын зерттеу орталығы» КММ-ның Сарысу ауданы бойынша инспекторы.

ДІНІҢ ТҰРСЫН ДІН АМАН

ДЕСТРУКТИВТІ ДІНИ АҒЫМДАР - ҚОҒАМҒА ТӨНГЕН РУХАНИ ҚАУІП

Қазіргі таңда қоғам қауіпсіздігіне қатер төндіріп отырған өзекті мәселелердің бірі – деструктивті діни идеологиялардың таралуы. Мұндай ағымдар азаматтардың санасына әсер етіп қана қоймай, ұлттық құндылықтар мен қоғамдық тұрақтылыққа да сызат түсіруде. Әсіресе, діни сауаты төмен, өмірлік ұстанымы толық қалыптаспаған жастар мен әлеуметтік тұрғыдан әлсіз топтар олардың негізгі нысанына айналып отыр.

«Деструктив» ұғымы латынның destructio сөзінен шыққан. Мағынасы – бүлдіру, зиян келтіру, тұрақтылықты бұзу. Ал деструктивті діни ағымдар – адамның еркін шектеп, психологиялық ықпал арқылы оны өз идеологиясына тәуелді ететін ұйымдар. Мұндай топтардың басты ерекшелігі – адамды қоғамнан, отбасынан, ұлттық болмысынан оқшаулап, жетекшісіне көзсіз бағындыруға ұмтылуы.

Мамандардың пікірінше, деструктивті культтердің қаупі олардың діни ұстанымында ғана емес, адам санасын басқаруға бағытталған әдістерінде жатыр. Олар көбіне эмоциялық ықпал ету, психологиялық қысым көрсету, жалған рухани уәделер беру арқылы адамдарды өз қатарына тартады. Соның салдарынан адам тұлғалық еркіндігін жоғалтып, өмірлік шешімдерін өз бетінше қабылдай алмайтын күйге түседі.

Батыс зерттеушісі Уолтер Мартин өзінің «Культтер патшалығы» атты еңбегінде деструктивті культтерді «адамның еркін бұзып, оны белгілі бір топқа толық тәуелді ететін ұйымдар» деп сипаттайды. Мұндай ұйымдардың қызметі адамның рухани, психологиялық және әлеуметтік жағдайына ауыр зиян тигізеді.

Ғылыми ортада бұл ұйымдар «деструктивті культ», «деструктивті секта» ұғымдарымен де белгілі. Ал қоғам арасында жиі қолданылатын «секта» термині – негізгі діни бағыттан бөлініп шыққан, өзіндік жабық қағидалары бар топ дегенді білдіреді. Неміс әлеуметтанушысы Э.Трёльч мұндай ұйымдардың ерекшелігі ретінде олардың қоғамнан оқшауландуға ұмтылуын, өзіндік ішкі тәртіп орнатуын және сыртқы ортаны мойындамауын атап көрсеткен.

Деструктивті ұйымдардың тағы бір сипаты – сырт көзге дінге ұқсап көрінуі. Олар діни рәсімдерді пайдаланып, өздерін «ақиқат жолдағы қауым» ретінде таныстырады. Алайда олардың негізгі мақсаты – адамды рухани жетілдіру емес, керісінше оны психологиялық тәуелділікке түсіру.

Мұндай ағымдардың қоғамға қауіпті екенін айқындайтын бірнеше негізгі белгі бар.

Біріншіден, харизмалық көшбасшы феномені. Көп жағдайда ұйым белгілі бір тұлғаның айналасына топтасады. Ол өзін ерекше қасиетке ие адам ретінде көрсетіп, өзгелердің өміріне толық ықпал етуге тырысады.

Екіншіден, жабықтық пен оқшаулану. Мұндай топтар өз мүшелерін қоғамнан, туыстарынан, тіпті отбасынан алыстатуға әрекет етеді. Кей жағдайда адамдар ұйым мүддесі үшін мүлкінен, жұмысынан, әлеуметтік ортасынан айырылып жатады.

Үшіншіден, психологиялық манипуляция кең қолданылады. Ұзақ уақыттық уағыздар, бір сөзді қайталай беру, гипнозға ұқсас тәсілдер, эмоционалдық қысым – мұның барлығы адамның еркін әлсіретіп, ұйымға тәуелді етуге бағытталған.

Төртіншіден, ақырзаман идеяларын насихаттау. Көптеген деструктивті ұйымдар адамдарды қорқыныш арқылы басқаруға тырысып, «ақырзаман жақын», «тек біз ғана құтыламыз» деген түсініктерді алға тартады.

Мұндай ағымдардың арбауына көбіне өмірлік қиындыққа тап болған адамдар түседі. Отбасындағы түсініспеушілік, жұмыссыздық, рухани жалғыздық, әлеуметтік қолдаудың болмауы– мұның бәрі адамды психологиялық тұрғыдан әлсіз етеді. Ал деструктивті ұйымдар осы әлсіз тұстарды шебер пайдаланып, «қолдау», «бауырластық», «рухани тыныштық» ұсынамыз деген желеумен өз қатарына тартады.

Әсіресе, жастардың интернет кеңістігіндегі бақылаусыз ақпаратқа тәуелді болуы алаңдатады. Әлеуметтік желілер мен түрлі платформалар арқылы жалған діни уағыздар таралып, ұлттық дүниетаным мен дәстүрлі құндылықтарға күмән келтіретін идеялар насихатталуда. Бұл – қоғамның рухани қауіпсіздігіне төнген үлкен қатер.

Сондықтан деструктивті діни ағымдардың алдын алуда ең маңызды құрал – діни сауаттылық пен ұлттық тәрбиені күшейту. Жастарға дәстүрлі рухани құндылықтарды дәріптеу, отбасы институтын нығайту, сыни ойлау қабілетін қалыптастыру – бүгінгі күннің басты міндеттерінің бірі.

Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан рухани жолы– дәстүрлі ислам мен ұлттық құндылықтардың үйлесімі. Ата-бабамыз ұстанған ханафи мәзhабы мен матуриди сенімі халықты бірлікке, сабыр мен парасатқа үндеді. Осы рухани негізді сақтау– қоғам тұрақтылығының кепілі.

Діни қауіпсіздік – тек мемлекеттің ғана емес, әрбір азаматтың жауапкершілігі. Ұлттық болмыс пен рухани тұтастықты сақтау үшін әр отбасы, әр ұстаз, әрбір қоғам мүшесі ортақ іске үлес қосуы қажет. Сонда ғана біз жастарымызды жат идеологиялардың ықпалынан қорғай аламыз.

Е. АМАНБАЕВ,
Тараз қалалық орталық Әулиеата мешітінің бас имамы. Жамбыл облысы.

ЖАСТАР САЯСАТЫ

ЖАСТАРЫМЫЗ ЖАТ АҒЫМДАРДЫҢ ЖЕТЕГІНДЕ КЕТПЕСІН

Жастар – елдің ертеңі, ұлттың болашағы. Қай кезеңде де мемлекет тағдыры жас буынның тәрбиесі мен танымына тікелей байланысты болған. Халқымыздың «Ел болам десең, бесігіңді түзе» деген нақыл сөзі де осыны аңғартады. Сондықтан жастардың рухани дүниесін байытып, ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие беру – бүгінгі қоғам алдындағы маңызды міндеттердің бірі.

Қазіргі жастар – жаңашылдыққа бейім, технологияны тез меңгеретін белсенді буын. Сонымен қатар олар қоғамдағы ең сенгіш әрі әсерге тез берілетін топтардың қатарына жатады. Әсіресе жаhандану дәуірінде түрлі ақпараттық ықпалдар мен бөтен идеологиялардың жастар санасына әсер ету қаупі күшейіп отыр.

Тәуелсіздік жылдарында еліміздің діни кеңістігінде үлкен өзгерістер орын алды. Дінге деген қызығушылық артып, рухани ізденіс күшейді. Бұл – табиғи құбылыс. Өйткені дін адамды имандылыққа, сабыр мен парасатқа тәрбиелейді. Діни сауаттылық адамның қоғамға, қоршаған ортаға деген көзқарасын қалыптастырып, рухани кемелденуіне ықпал етеді.

Алайда діни білімнің таяздығы кей жағдайда жастардың түрлі жат ағымдардың ықпалына түсуіне себеп болуда. Өкінішке қарай, көп жағдайда адасушылықтың түп-тамыры – білімсіздік пен тәрбиенің әлсіздігіне барып тіреледі. Бүгінде интернет пен әлеуметтік желілерде тыйым салынған уағыздар мен күмәнді діни топтардың материалдары еркін таралуда. Діни танымы толық қалыптаспаған жас мұндай ақпараттарды саралай алмай, жалған идеологияның жетегінде кетуі мүмкін.

Мамандардың айтуынша, жастардың жат ағымдарға еруінің негізгі себептерінің бірі – отбасындағы рухани тәрбиенің әлсіреуі. Көптеген ата-ана күнкөріс қамымен жүріп, баласының ішкі дүниесіне, рухани сұранысына жеткілікті көңіл бөле алмай жатады. Мейірім мен түсіністікке мұқтаж жасөспірім өзіне қажетті қолдауды сырттан іздей бастайды. Осындай сәтте түрлі деструктивті топтар жалған жаңашырлық танытып, психологиялық ықпал арқылы өз қатарларына тартуға әрекет етеді.

Жастардың күйзеліске тез берілуі де олардың теріс ағымдардың ықпалына түсуіне әсер етеді. Өмірдің қиын кезеңінде рухани әлсіздікке ұшыраған адамға қолдау мен жылылық қажет. Мұны жақсы түсінетін жат ағым өкілдері адамдарға «бауырмалдық» көрсетіп, сеніміне кіру арқылы біртіндеп өз идеологиясын таңады.

Тағы бір алаңдатарлық мәселе – күмәнді діни оқу орындарының ықпалы. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында елімізде кәсіби діни білім беретін оқу орындары аз болды. Сол кезеңде көптеген жастар шетелге барып білім алды. Алайда олардың арасында ресми емес орталықтарда, беймәлім ұстаздардың ықпалымен теріс діни көзқарас қалыптастырып келгендер де кездесті. Қазіргі таңда елімізде діни білім беретін ресми оқу орындары жеткілікті болғанымен, әлі де болса күмәнді ортаға алданып қалатын жастар бар.

Сондықтан жастардың рухани қауіпсіздігін қамтамасыз етуде діни сауаттылықпен қатар ұлттық тәрбиеге де басымдық берілуі тиіс. Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі құндылықтары, әдет-ғұрпы мен тәрбиелік қағидалары жас ұрпақты имандылыққа, отансүйгіштікке және адамгершілікке баулиды.

Бүгінгі таңда жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау, ақпараттық қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру, сыни ойлау қабілетін дамыту – аса маңызды. Сонымен бірге діни экстремизмнің, құқықбұзушылықтың, нашақорлықтың алдын алу бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасуы қажет.

Қоғамның жарқын болашағы – білімді, рухани бай, ұлттық құндылықтарды құрметтейтін жастардың қолында. Сондықтан өскелең ұрпақтың діни танымын дұрыс қалыптастырып, оларды дәстүрлі рухани жолға бағыттау – баршамызға ортақ жауапкершілік.

Т. ЕСҚҰЛОВА,
Жамбыл облысы әкімдігінің Дін проблемаларын зерттеу орталығы Қордай ауданы бойынша арнайы бөлімінің басшысы.

ДІН ЖӘНЕ ҚОҒАМ

ЖАТ АҒЫМДАР ИДЕОЛОГИЯСЫ ЖАРҒА ЖЫҒАДЫ

Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан үшін жаңа тарихи кезең басталды. Елдің сыртқы әлеммен байланысы күшейіп, мәдени, экономикалық және діни қарым-қатынастар кеңейді. Алайда ашық қоғам жағдайында елімізге әртүрлі діни ағымдар да еркін ене бастады. Солардың қатарында алғашқыда өзін бейбіт әрі «дінді насихаттаушы» топ ретінде көрсеткен «Таблиғи жамағат» қозғалысы да болды.

Уақыт өте келе бұл ұйымның шынайы мақсаты мен ұстанымдары қоғам назарын аударып, оның қызметіне құқықтық тұрғыда баға берілді. Нәтижесінде 2013 жылғы 26 ақпанда Астана қаласы Сарыарқа аудандық сотының шешімімен «Таблиғи жамағат» ұйымының қызметіне Қазақстан аумағында тыйым салынды. Бұған ұйым қызметіндегі діни алауыздықты күшейту қаупі, шетелдік орталықтарға тәуелділік және қоғам тұрақтылығына кері ықпал етуі себеп болды.

«Таблиғ» сөзі араб тілінен аударғанда «жеткізу», «хабарлау» деген мағынаны білдіреді. Ұйым мүшелері өздерін халықты дінге шақырушылар ретінде таныстырғанымен, олардың діни түсіндіру әдістері мен ұстанымдары Қазақстандағы дәстүрлі ислам жолымен толық сәйкес келе бермейді.

Мамандардың пікірінше, «Таблиғи жамағат» Үндістанда пайда болған Деобанд мектебімен тығыз байланысты. Деобанд бағыты XIX ғасырда ағылшын отаршылдығы күшейген кезеңде Үндістан мұсылмандарының діни білімін сақтап қалу мақсатында қалыптасты. 1866 жылы Деобанд қаласында ашылған «Дарул-улум Деобанд» медресесі кейін ірі діни орталыққа айналды. Оның негізін қалаушылардың қатарында Мәулана Мұхаммед Қасым Нанотауи мен Мәулана Рашид Ахмад Гангохи сынды ғалымдар болды.

Деобанд мектебі ханафи мәзһабына сүйенгенімен, сенім мәселесінде кейде матуриди, кейде ашғари көзқарастарын ұстанып, бірізді жүйе қалыптастыра алмады деген пікірлер бар. Кейін бұл мектептің кейбір өкілдері сәләфилік бағыттағы ғалымдардың еңбектеріне сүйеніп, дәстүрлі сенім негіздерінен алшақтай бастады.

Сонымен қатар деобандтықтар кейбір халықтық діни дәстүрлерге, соның ішінде мәуліт өткізуге, әулиелерге зиярат жасауға сын көзбен қарайды. Музыка, сурет, теледидар секілді заманауи мәдени элементтерге де шектеу қоюды қолдайды. Кей елдерде олардың саяси белсенділігі де байқалған. Тарихта Деобанд бағытының ықпалынан «Таблиғи жамағат» пен «Талибан» қозғалыстарының қалыптасқаны айтылады.

Ал «Таблиғи жамағат» қозғалысы XX ғасырдың басында Үндістанда халық арасында діни белсенділікті күшейту мақсатында құрылды. Оның негізін қалаған Мәулана Мұхаммед Ильяс Кандеһләуи мұсылмандарды намазға, діни өмірге қайта шақыруды көздеді. Ұйым мүшелері арнайы уағыз сапарларына шығып, халық арасында насихат жүргізуді негізгі әдіс ретінде қабылдады.

Олардың ең кең таралған тәжірибесі – 3 күндік, 40 күндік немесе 4 айлық сапарларға шығу. Алайда мұндай жүйенің ислам шариғатында нақты негізі жоқ екені жиі айтылады. Сонымен қатар бұл әрекеттер кей жағдайда отбасы алдындағы жауапкершілікті екінші орынға ысырып қоюға алып келетіні сынға алынады.

Діントанушылар «Таблиғи жамағаттың» негізгі кемшіліктерінің бірі ретінде діни ілімге үстірт қарауын атап көрсетеді. Ұйым өкілдері терең ақида, фиқһ, хадис ілімдерінен гөрі уағыз бен сапарға көбірек мән береді. Кей жағдайда әлсіз немесе күмәнді хадистер мен түрлі қиссаларды насихатта қолданатыны да сынға себеп болған.

Тағы бір ерекшелік – олардың ұлттық салт-дәстүрге көзқарасы. Кейбір өкілдері қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрпын «бидғат» ретінде бағалап, дәстүрлі мәдениетті қабылдай бермейді. Бұл көзқарас қазақ қоғамының рухани болмысымен үйлеспейді.

Жалпы, Деобанд мектебі мен «Таблиғи жамағат» бір-бірімен тарихи тұрғыда байланысты болғанымен, қызмет тәсілдері мен ықпал ету әдістерінде айырмашылықтар бар. Деобанд мектебі негізінен медресе мен діни білім жүйесіне сүйенсе, «Таблиғи жамағат» халық арасындағы насихат пен сапарларға басымдық береді. Бірақ екі бағытқа да ортақ сын – дәстүрлі діни және мәдени құндылықтарға күмәнмен қарауы.

Қазақстан үшін діни тұрақтылық пен рухани бірлік – аса маңызды құндылық. Қазақ халқы ғасырлар бойы ханафи мәзһабы мен матуриди сенімін ұстанып, дінді ұлттық дәстүрмен сабақтастыра білді. Сондықтан діни мәселеде сырттан келген ағымдарға сыни көзқараспен қарап, дәстүрлі рухани негізді сақтау маңызды.

Мамандардың айтуынша, жастардың түрлі діни ағымдардың ықпалына түсіп кетпеуі үшін ең алдымен діни сауаттылықты арттыру қажет. Дінді сенімді ақпарат көздерінен үйреніп, ұлттық құндылықтарды дәріптеу – қоғамның рухани тұтастығын сақтаудың басты жолы.

Дәстүрлі ислам – бірлікке, білімге және татулыққа үндейтін жол. Сондықтан ата-бабадан жеткен рухани мұраны сақтау мен діни тұрақтылықты нығайту – барша қоғамның ортақ міндеті.

С. МҰСТАФА,
Жамбыл облысы әкімдігі «Дін проблемаларын зерттеу орталығының» инспекторы.

ИМАН

ИСЛАМДАҒЫ АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ БІРЕГЕЙІ

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы 2026 жылды діни қызмет аясында «Ислам және адал қоғам» жылы деп жариялады. Еліміздегі дін қызметкерлеріне жолдаған Бағдарлық баяндамасында Бас мүфти: «Бұл – әрбір азаматтың қоғам алдындағы жауапкершілігін арттыруға бағытталған маңызды қадам деп санаймын. Адалдық ұғымы Алламен қатынаста иманымызды күшейтуге, адамдармен қарым-қатынаста туралықты ұстануға, ал өз-өзімізбен қарым-қатынаста ар-ождан тазалығын кірлетпеуге үйретеді. Бұл бастама әрбір адамды өз ісіне адал болуға, әділдік пен жауапкершілікті өмірлік ұстаным етуге үндейді. Осы жолда баршамыз бірлесе еңбек етсек, әділетті, берекелі, рухани тұрғыдан қуатты адал қоғам қалыптасуға үлес қосамыз», деп атап өтті.

Адалдық – Исламдағы адамгершілік құндылықтардың бірегейі, иманның ажырамас бөлігі, сауатты, әділетті қоғамның негізі. Бұл қасиет мұсылманның тек жеке мінез-құлқын ғана емес, отбасыға, көршіге, қоғамға, жануарларға, тіпті табиғатқа деген қарым-қатынасын да қамтиды. Адалдық – адамның рухани деңгейінің, тақуалығының, ықыласының өлшемі. Алланың разылығына ұмтылған жан адалдықты әрдайы өмірінің қазығы етеді.

Аллаға иман еткен мұсылман адамгершілік қасиеттерді жетілдіріп отырғаны абзал. Адам намаз оқып, ораза ұстап, қажылық жасаса, бірақ ол дөрекі, әділетсіз, өтірікші болып, өзгелерге зиян келтірсе, оның діндарлығы толық болмайды. Алла Тағала Құранда былай деген: «Уа, адамдар! Шүбәсіз, сендерді бір ер мен бір әйелден жараттық. Сондай-ақ сендерді бір-біріңмен танысып, табысуларың (һәм біріңе-бірің қамқоршы дос болып, өзара жәрдемдесіп, тату-тәтті өмір сүрулерің әрі жер бетін көркейтулерің) үшін сан алуан ұлыстар мен руларға бөлдік. Біле білсеңдер, Алланың алдындағы ең ардақтыларың – ең тақуаларың (яғни, Аллаға тағзым етуде, иман келтіруде әрі мойынсұнуда ең алда болғандарың)! Шүбәсіз, Алла – Алим (барлық нәрсені, соның ішінде, сендердің жай-күйлеріңді һәм не істеп, не қойып жүргендеріңді толық білуші), Хабийр (бәрінен толық хабардар болушы)».

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Адал болыңдар. Өйткені адалдық тақуалыққа бастайды, ал тақуалық жәннатқа жетелейді», – деген. Шариғатымыз бойынша өтірік пен алдау ауыр күнә саналады. Себебі ол адамдар арасындағы сенімді жойып, қоғамдық тұрақтылықты бұзады. Сондықтан әрбір ата-ана әуелі өзі адалдық қасиетін бойына сіңіріп, содан кейін ұрпағын адал болуға, өтірік

айтпауға, жақсылық жасауға тәрбиелеуі керек. Сонда қоғамда ізгі құндылықтар нақты амалдар арқылы көбірек дәріптеледі.

Адалдықты ұстану кезінде кешірім мен мейірім ерекше орын алады. Ислам тарихында Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өзіне қастық жасаған ең ауыр дұшпандарын кешіргені жөнінде көптеген мысалдар бар. Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) қасиетті Меккені бейбіт жолмен бағындырған сәтте ол (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өзін құғынға ұшыратқан адамдарды жазалауға мүмкіндігі жетер еді. Алайда Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Жүсіп пайғамбардың (оған Алланың сәлемі болсын) сөзін қайталап былай деді: «Бүгін сендерге айып жоқ. Барыңдар, бәрің де еркінсіңдер».

Адалдық ұғымы кішіпейілділік пен тәкаппарлықтан алшақ болуды да қамтиды. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Алла кішіпейіл адамды көтереді, тәкаппарды төмендетеді», – деген. Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) басшы бола тұра өте қарапайым еді. Өзін өзгелерден жоғары қоймайтын. Үй шаруасына көмектесіп, киімін өзі жамап, қой сауатын.

Мейірімділік – Исламдағы адамгершіліктің өзегі. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Мейірім бар жерде бәрі көркем болады», – деген. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) адамдарға ғана емес, жануарларға да мейіріммен қарауды үйретті. Бірде бір адамның түйеге қаталдық көрсеткенін көрген Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Бұл тілсіз жануарларға қатысты Алладан қорқыңдар», – деп ескерткен.

Адалдықты ту етпей әділетті қоғам құру мүмкін емес. Адалдыққа қатысты маңызды ұстанымның бірі – өзімізге қалаған нәрсені бауырымызға да қалау. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Өзіне қалағанын бауырына да қаламаған адам толық иман келтірмейді», – деген. Бұл қағида, яғни шынайы адалдық әділдік орнатуға үлкен септігін тигізетіні сөзсіз. Бұл хадиске амал ету әділ қоғамға негіз болады. Қоғамда адалдық, адамгершілік сынды құндылықтар жоғалған кезде көреалмаушылық, өтірік, опасыздық, әділетсіздік пен жемқорлық жайлайды. Мұндай дертке душар болған, яғни нәпсі қалауына ерген адам міндетті түрде зиянға ұшырайды. Бұл туралы Алла Тағала Құранда: «Сол нәпсіні (тәкаппарлық пен Аллаға қарсы келу дертінен) арылтқандар (Алланың ауыр азабынан), сөзсіз, құтылып, мұратына жетеді. Ал нәпсісін (тәкаппарлық пен күнә батпағына) батырып бүлдіргендер, сөзсіз, адыра қалады (бар жақсылықтан мақұрым қалады) («Шәмс» сүресі, 9-10-аяттар), – деп ескерткен.

Адалдық – тек көркем мінездің бір қыры емес, ол адамның ішкі рухани өзегі, ар-ұятының айнасы. Қазақ халқы ежелден «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деп арды бәрінен жоғары қойған. Демек, адалдық – ардың ісі, ал ар – адамның адамдық болмысының өлшемі. Би-шешендеріміз бен жырауларымыздың рухани мұраларында ар, намыс, ұят ұғымдары ерекше орын алған. Ойшыл Абай Құнанбайұлы ар-ұятты иманмен байланыстырып, «Ар ұялар іс қылмас ақыл зерек» деп, арлы адамның жамандықтан тыйылатынын айтқан. Оның «Толық адам» ілімінде де әділет, рақым, мейіріммен қатар ар тазалығы басты орын алады.

Шәкәрім Құдайбердіұлы бабамыз да «ар ілімін» көтеріп, адамды бақытқа жеткізетін негізгі жол ретінде арды таза сақтау екенін айтқан. Бабамыздың пікірінше, ар – адамның ішкі соты. Егер адам сол соттан сүрінбей өтсе, қоғам да түзеледі. Қазақ қоғамында «адал еңбек», «адал ас», «адал жар», «адал дос» деген тіркестер бекер айтылмаған. Бұл ұғымдар адамның өмірінің барлық саласында адалдық қажет екенін аңғартады. Адал еңбектенген адам ғана берекеге жетеді. Халал ризықпен өскен ұрпақтың мінезі де көркем болады.

Адал адам ең алдымен ішкі тыныштыққа ие болады. Ар алдында таза болу – үлкен бақыт. Өтірік пен қиянат адамды іштей мазалайды, жүрегін қарайтады. Ал адалдық жүректі нұрландырады, дұғаның қабыл болуына, ризықтың берекелі болуына себеп болады. Ислам ғұламалары: «Кімде-кім адалдықты ұстанса, Алла оған кеңшілік береді» деген. Өйткені адалдық – тақуалықтың белгісі. Адал жан өзгеге зиян тигізбейді, керісінше қоғамға пайдасын тигізеді.

Асыл дініміз мұсылман емес адамдармен де жақсы қарым-қатынас орнатып, әділ болуға шақырады. Құранда: «Алла сендерді өздеріңмен дін үшін соғыспаған және өз ата мекендеріңнен қумағандарға жақсылық жасаудан һәм оларға барынша әділ болудан тыймайды. Шүбәсіз, Алла әділдікке, адам құқығына ерекше мән беретіндерді жақсы көреді» («Мумтахина» сүресі, 8-аят), – делінген.

Адалдық – ардың ісі. Адалдық – жеке адамның ғана емес, тұтас қоғамның тірегі. Ол сенім мен берекенің, әділет пен татулықтың негізі болмақ.

А. ҚАЙЫПБЕРГЕНҰЛЫ,
«Әбдірашит ата» мешітінің бас имамы. Жамбыл облысы.

ӘЛЕУМЕТ

ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІ – ҚОҒАМ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНЫҢ НЕГІЗІ

Қазақ халқы қашанда отбасы құндылығын ерекше қадірлеген. Өйткені отбасы – ұлттың іргесін бекітетін, саналы ұрпақ тәрбиелейтін қасиетті ұя. Бүгінде жаһандану дәуірінде отбасы институтын сақтау мен нығайту әлемдік деңгейдегі өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Себебі отбасы әлсіресе, қоғамның да рухани тұтастығына қауіп төнеді.

Ислам діні де отбасы құндылығына айрықша мән береді. Дінде ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас, ерлі-зайыптылардың өзара сыйластығы, бала тәрбиесі мен әлеуметтік жауапкершілік кеңінен қарастырылған. Отбасындағы ең маңызды құндылықтардың бірі – сенім. Сенім бар жерде тыныштық, түсіністік пен тұрақтылық орнығады. Бір-біріне сенген отбасы мүшелері кез келген қиындықты ақылмен шешіп, өзара қолдау көрсете алады.

Шариғатта отбасыны асырап-бағу үлкен сауап іс ретінде бағаланады. Пайғамбарымыздың хадистерінде де адамның ең абзал шығыны – отбасы үшін жұмсаған қаражаты екені айтылған. Бұл исламдағы отбасының қоғам өміріндегі маңызын айқын көрсетеді.

Дегенмен қазіргі қоғамда отбасы тәрбиесіне әсер ететін түрлі қауіптер де көбейіп келеді. Соның бірі – дін атын жамылған теріс пиғылды ағымдардың ықпалы. Мұндай ұйымдар көбіне өмірлік қиындыққа тап болған, рухани ізденістегі немесе діни сауаты төмен азаматтарды нысанаға алады. Әсіресе жастар түрлі миссионерлік насихаттың жетегінде кетуге бейім.

Жат ағым өкілдері дәстүрлі дін мен ұлттық құндылықтарды жоққа шығарып, адамдардың санасына күмән ұялатуға тырысады. Олар өзін діни, мәдени немесе ағартушылық ұйым ретінде таныстырып, шын мәнінде өз идеологиясын таратуға күш салады. Мұндай ағымдардың мақсаты – қоғамның рухани негізіне сызат түсіру арқылы өз ықпалын күшейту.

Өкінішке қарай, қазіргі таңда көптеген ата-аналар баласының біліміне көңіл бөлгенімен, тәрбиесіне жеткілікті мән бере бермейді. Түрлі үйірмелер мен қосымша сабақтарға қатыстыруға күш салғанымызбен, баланың рухани дүниесі, адамгершілік қасиеттері мен дүниетанымы кейде назардан тыс қалып жатады. Ал шын мәнінде бала тәрбиесі – ең алдымен отбасынан басталатын үлкен жауапкершілік.

Қазақ халқы ертеден ұрпақ тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген. «Судың да сұрауы бар» деп әр әрекеттің жауапкершілігін ұмытпаған. Балаға кішкентай кезінен бастап жақсылық пен жамандықтың аражігін ажыратуды, үлкенді сыйлауды, ұлттық және рухани құндылықтарды бойына сіңіруді басты міндет санаған.

Бүгінде интернет пен әлеуметтік желілердің ықпалы күшейген заманда бұл мәселе одан сайын өзекті бола түсті. Ғаламтордағы барлық ақпаратты талғамсыз қабылдау жастардың дүниетанымына кері әсер етуі мүмкін. Әсіресе тұлғалық көзқарасы толық қалыптаспаған жасөспірімдер түрлі теріс идеологиялардың ықпалына тез түседі. Соның салдарынан қауіпті ойындарға әуестік, суицид, радикалды көзқарастар секілді күрделі мәселелер туындауда.

Мұның басты себептерінің бірі – бала тәрбиесіндегі бақылаудың әлсіреуі. Кей жағдайда ата-ана тәрбиені мектепке жүктесе, ұстаздар керісінше оны отбасының міндеті деп қарайды. Нәтижесінде екі ортада бала рухани қолдаусыз қалып қояды.

Егер ата-ана өз міндетіне салғырт қараса, баланың негізгі тәрбиешісі интернет, теледидар немесе көше ортасы болып кетуі мүмкін. Мұндай жағдайда жасөспірімнің өмірлік бағыты мен дүниетанымы басқа арнаға бұрылып, түрлі зиянды әдеттер мен теріс ағымдардың ықпалына түсу қаупі артады.

Қазіргі таңда қоғам үшін алаңдататын мәселелердің бірі – деструктивті діни ағымдардың әрекеті. Мұндай ұйымдар адамдарды психологиялық тұрғыдан тәуелді етіп, олардың еркін ойлауына ықпал жасауға тырысады. Кейбірі діни, мәдени немесе сауықтыру қызметі ретінде көрініп, шын мәнінде өз идеологиясын жасырын насихаттайды.

Мамандардың айтуынша, мұндай ағымдар адамның ақпарат таңдау еркіндігін шектеп, қоғам мен отбасының тұтастығына қауіп төндіреді. Сондықтан оларға қарсы күрестің ең тиімді жолы – рухани-ағартушылық жұмыстарды күшейту және халықтың діни сауатын арттыру.

Қазақстан заңнамасына сәйкес, азаматтардың құқықтары мен бостандығына, қоғам қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін теріс пиғылды діни ұйымдардың қызметіне тыйым салынған. Бұл – елдің рухани тұрақтылығы мен қоғамдық қауіпсіздігін сақтау жолындағы маңызды қадамдардың бірі.

Қазақ қоғамының беріктігі – отбасының мықтылығында. Сондықтан ұлттық тәрбие мен рухани құндылықтарды сақтап, жас ұрпақтың саналы әрі иманды болып өсуіне жағдай жасау – баршамыздың ортақ міндетіміз.

Р. АБДЕЛИЕВ,
Жамбыл облысы әкімдігі «Дін проблемаларын зерттеу орталығының» Жуалы ауданы бойынша инспекторы.

ҚАМҚОРЛЫҚ

РЕАБИЛИТАЦИЯЛАУ МЕН ОҢАЛТУ ШАРАЛАРЫ ОҢ НӘТИЖЕ БЕРУДЕ

Облыста әлеуметтік салаға ерекше мән берілуде. Соның ішінде мүгедектігі бар балалар да мемлекет қамқорлығына алынған. Облыс әкімдігі жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының міндетін атқарушы Самат Төрегелдиевтің айтуынша, өңірде 45,9 мың мүгедектігі бар азамат бар. Оның 6859-ы балалар. Бұл санаттағы балаларға өткен жылы облыс әкімдігінің жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына қарасты 9 медициналық-әлеуметтік мекеме тарапынан жеке оңалту бағдарламаларына сәйкес 6 қызмет түрі бойынша 753 балаға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетілген.

– Орталықтардағы реабилитациялау мен оңалту шараларының нәтижесінде 211 балада оң нәтиже байқалған. Мәселен, 21 бала сөйлеп кетсе, 29 бала дыбыс шығаруға үйренді. Ал 41 бала өз беттерінше еңбектесе, 34 бала отыруға бейімделді. Ем қабылдап, оң нәтиже көрсеткен 12 бала арнайы кәсіптік колледждерге оқуға түсті. Сонымен қатар, орталықтарда қызмет алушы балалар параолимпиадалық спорт түрлеріне қатысып, жүлделі орындар алуда. Оның ішінде пара жүзу, бочча ойыны, қол күресі және тағы басқа спорт түрлері бар. Бұдан бөлек, қызмет алушы балалар қатарында өнерлі балалар да жеткілікті, оларда әртүрлі фестивальдарға, байқауларға қатысып жүлделі орындар алуда. Жалпы облыста спорттың үйірмелермен 436 мүгедектігі бар азамат қамтылған. Олардың 161-і кәмелет жасындағылар. Сондай-ақ, келесі жылға спорттық инклюзия орталығының құрылысы басталмақ. Бұл да өз кезегінде спортпен қамтылуға жаңа серпін беретін болады, – дейді басшысының міндетін атқарушы.

Тараз қаласы мен аудан әкімдіктерінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдерінде мүгедектігі бар азаматтарға үйде қызмет көрсету мақсатында 14 бөлімше және бір бөлімшеден тыс мекеме жұмыс істейді. Оларда мүгедектігі бар балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетіледі. Ал облыста жергілікті бюджет есебінен 8 үкіметтік емес ұйым тарапынан 2331 адамға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетілген. Сондай-ақ, Байзақ, Жуалы және Мойынқұм аудандарында 60 мүгедектігі бар балаларға мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында үкіметтік емес ұйымдар тарапынан күндіз болу жағдайында оңалту және бейімдеу орталықтары арқылы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуде. Сонымен қатар биыл мүгедек балалары бар үйге оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу үшін есепті мерзімге 160 балаға 1,4 миллион теңге төленді.

– Жалпы біздің басқармаға қарасты соңғы 3 жылда 11 орталық ағымдағы жөндеуден өтті. 2029-2030 жылдар аралығына облыстық даму жоспарымен бекітілген тұрғындар қажеттілігіне негізделген өңірлік стандарттар жүйесіне күрделі жөндеуге 2 орталық, 7 жаңа орталық құрылысы енгізілген. Орталықтардың жобалықсметалық құжаттамаларына қаражат 2028 жылға жоспарланған. Бұл шаралар Еңбек министрлігімен келісілген. Биыл атаулы әлеуметтік көмекпен 35515 адамды қамту жоспарланып, осы жылдың 1 наурызына атаулы әлеуметтік көмек 2498 отбасындағы 13825 адамға барлығы 423,4 миллион теңгеге тағайындалып, 2040 отбасындағы 11220 адамға барлығы 182,2 миллион теңгесі төленді. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда АӘК алушылар саны 445 отбасы (–15,1 пайыз), 2284 (– 14,2 пайыз) адамға азайған. Сонымен қатар АӘК алушы отбасылардағы 1 жастан 6 жасқа дейінгі әрбір балаға қоса алғанда ай сайынғы қосымша төлемге 613,4 миллион теңге қаржы қарастырылып, 12129 баланы қамту жоспарланған. Есепті мерзімге АӘК алушы отбасылардағы 1 жастан 6 жасқа дейінгі әрбір балаға қоса алғанда ай сайынғы төлем 4349 балаға барлығы 53,5 миллион теңге тағайындалып, 3538 балаға 22,7 миллион теңгесі төленді, – дейді ол.

Бүгінгі күні Үкімет тапсырмасына сәйкес басқармада барлық қызметтерді біріздендіріп, ашықтығы мен қолжетімділігін арттыру мақсатында әлеуметтік қызметтер цифрландырылуда. Басқарма басшысының айтуынша, бұл мемлекет саясаты бірінші кезекте мүгедектігі бар азаматтардың құқығын қорғауға бағытталған. Өткен жылдан бастап арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету бағытында қызмет алушылар онлайн негізде өздеріне жұмсалған әр тиынына дейін «Әлеумет» порталында көруге мүмкіндіктері бар. Барлық ақпарат қолжетімді. Одан бөлек, «Социум» порталы 2025 жылдан бастап қосылып, қазіргі қабылданып жатқан жан басына шаққандағы қаржыландыру процестерін бақылауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ осы және басқа да қызметтерді интеграцияландыра отырып «Бірыңғай цифрлық платформасы» аясында шоғырландырылуда. Бұл өз кезегінде қызметтер сапасын бақылауға бағытталып отырған тиімді шара.

Қазіргі таңда орталық қызметкерлері бұл жүйелермен жұмыс істеу үшін толық оқудан өткен. Мүгедектігі бар адамдар үшін қолжетімді орта қалыптастыру мақсатында жергілікті бюджеттен «Инватакси» қызметіне 262,9 миллион теңге қаралып, Тараз қаласы мен аудан әкімдіктерінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдерінде 14 инватакси қызметі жұмыс атқарады (мемлекеттік сатып алу арқылы, бағаны төмендету тәсілімен анықталады). Биыл мыңға жуық (769) инватакси пайдаланушысы қызмет алып, оларға 32 автокөлікпен қызмет көрсетуде (оның ішінде 292 тірек-қимыл аппараты бұзылғандарға 16 автокөлік). Сонымен қатар 2026 жылдың 1 шілдесінен бастап мүгедектігі бар адамдарға инватакси қызметі әлеуметтік портал арқылы жүзеге асыру жоспарлануда. Бұл өз кезегінде «Инватакси» қызметін пайдаланушылар үшін тасымалдаушыларды таңдау кезінде кең мүмкіндіктер бермек.

– Мүмкіндігі шектеулі азаматтарды жұмысқа тарту мақсатында жыл басынан бері басқармаға 568 мүмкіндігі шектеулі азамат жүгінді. Оның ішінде 231 азамат жұмыспен қамтудың белсенді шараларына тартылды. Атап айтқанда бос жұмыс орындарына – 80, «Бастау Бизнес» жобасына – 71, skills.enbek.kz платформасында онлайн курстарға – 31, ақылы қоғамдық жұмыстарға 49 мүмкіндігі шектеулі азамат қамтылды. Сонымен қатар «2026 жылға жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы» қаулысына сәйкес, тұрақты жұмыспен қамту бағытында биыл облыс бойынша мүмкіндігі шектеулі азаматтарды жұмыспен қамту мақсатында 62 мекемеге квота арқылы 103 адамды жұмыс орындарына жолдау жоспарланды. Нәтижесінде 15 адам жұмысқа орналастырылды. Мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын ұйымдастыру бағыты бойынша биылғы жоспарға сәйкес 11 адамды жолдау көзделген. Одан бөлек, жылда берілетін қайтарымсыз грантымыз да бар. Өткен жылы 1008 гранттың 271-і мүгедектігі бар азаматтар мен мүгедек балалардың заңды өкілдеріне берілген. Бұл бағыттағы жұмыстар биыл да жалғасын табатын болады, – дейді облыс әкімдігі жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының міндетін атқарушы Самат Төрегелдиев.

М. ҚҰЛИБАЕВ.

МЕРЕКЕ

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАР ЖҰЛДЫЗДЫҢ ӘНІН «ТІРІ ДАУЫСТА» ТЫҢДАДЫ

Бірлік, достық пен келісім – біздің қоғамымыздағы ең маңызды құндылықтардың бірі. Осы құндылықтарды дәріптеу мақсатында «Меркі аудандық мүгедектерді оңалту және бейімдеу орталығы» тәрбиеленушілері үшін есте қаларлық және жарқын іс-шара ұйымдастырылды. Бұл күні балалардың жанында ата-аналары, сондай-ақ құрметті қонақтар да болды. «AMANAT» партиясының Меркі аудандық филиалының төрайымы Күлайым Шағатова, Бос жұмыс орындары мен әлеуметтік бағдарламалар бөлімі басшысының орынбасары Алмаз Омар, ПМПК педагог-психологы Ботагоз Досмаханбетова және Қазақстанның танымал әншісі, жұлдыз Адам-Фаррух Тохтамұратова қатысты.

Іс-шараның ең әсерлі сәттерінің бірі Адам-Фаррух Тохтамұратовтың «Жүрек» атты әнін орындауы болды. Балалар мен ата-аналар және қонақтар бұл әнді «тірі дауыста» тыңдады. Әннен кейін, барлық қатысушылар жұлдызбен естелікке суретке түсу мүмкіндігіне ие болды.

Мерекінің жалғасында «Меркі аудандық мүгедектерді оңалту және бейімдеу орталығының» ұжымы мен тәрбиеленушілері сахнаға шықты. Олар бірнеше топқа бөлініп, Қазақстанда тұратын түрлі ұлттардың салт-дәстүрлері, ұлттық тағамдары мен мәдени ерекшеліктерін көрсетті. Осы арқылы қонақтар қазақ, қырғыз, өзбек, үнді, түрік және басқа да ұлттардың мәдениетімен жақынырақ танысуға мүмкіндік алды.

Балалар мен ұжым мүшелерінің дайындығы ерекше болды. Олар әр ұлтқа тән сәлемдесулерін өз тілінде айтып, ұлттық киімдерін киген, билер мен әндер, театралды көріністер арқылы көрермендерді баурап алды. Сондай-ақ, ұлттық тағамдардың хош иісі залды ерекше атмосферамен толтырды. Барлық көріністер, шығармашылық нөмірлер шынайы шапалаққа ие болды, көрермендер бұл өнерді жоғары бағалады.

Мерекенің соңында әр түрлі номинацияларда жеңімпаздар анықталды. Бірақ басты жеңімпаз – әрдайым достық болды. Балалардың өнерпаздығы мен ұжымның ұйымдастырушылық шеберлігі арқасында бұл мереке шынымен есте қаларлық болды. «Меркі аудандық мүгедектерді оңалту және бейімдеу орталығының» меңгерушісі Клара Ракаева сөз сөйлеп, достық пен келісімнің маңыздылығын ерекше атап өтті.

Мерекеге қатысқан ата-аналар да ұйымдастырушыларға жылы лебіздерін білдірді. Олар мұндай шаралардың адамдарды біріктіруде, балаларға өз таланттарын көрсетуге мүмкіндік беруінде үлкен мәні бар екенін атап өтті. Сондай-ақ, ата-аналар баршаға тыныштық, бақыт, сенім және болашаққа үміт тілеп, осындай мерекелердің елімізде жиі өткізілуін құптады.

Бұл іс-шара балаларға ғана емес, олардың ата-аналарына, сондай-ақ қонақтарға да достық пен бірлік мәнін сездіруде маңызды рөл атқарды. Ұлттық дәстүрлер мен мәдениет арқылы қоғамда ынтымақтастық пен сыйластықты дәріптеу – бүгінгі қоғам үшін аса маңызды. Балалардың өнер көрсетуі, сахналық қойылымдары мен ұлттық тағамдар арқылы өткізілген іс-шара қатысушылардың жүрегінде ерекше естелік қалдырды.

Достық пен мәдени әртүрліліктің мерекесі – бұл тек көңілді шара ғана емес, сонымен қатар балалардың әлеуметтенуіне, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, өз-өзіне сенімділігін арттыруға арналған үлкен сабақ. Бұл күні барлық қатысушылар достықтың, сыйластық пен бірліктің шын мәнін сезініп, мерекеден ерекше әсер алып қайтты.

Мерекенің соңында айтылғандай, осындай іс-шаралар балаларға өз таланттарын көрсетуге мүмкіндік беріп қана қоймай, қоғамдағы татулық пен келісімді нығайтуда маңызды рөл атқарады. «Достық – ең басты құндылық» деген сөзді іс жүзінде дәлелдеген бұл мереке, әрбір қатысушының жүрегінде ұзақ уақыт есте қалады.

Ә. НҰРАЛИЕВ.
Жамбыл облысы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасының "Қалалық перинаталдық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны», БСН 231040027675, өзінің «Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасының "Қалалық көпбейінді аурухана және консультативтік-диагностикалық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына», БСН 231040026568 қосылу жолымен қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды.

Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Әл-Фараби көшесі, 2В, тел.: 8 (7262) 54-07-80.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Государственное коммунальное предприятия на праве хозяйственного ведения «Городской перинатальный центр управления здравоохранения акимата Жамбылской области», БИН 231040027675, сообщает о своей реорганизации путем присоединения к Государственному коммунальному предприятию на праве хозяйственного ведения «Городская многопрофильная больница и консультативно-диагностический центр управления здравоохранения акимата Жамбылской области».БИН 231040026568.

Претензии принимаются в течение 2-х месяцев со дня публикации объявления по адресу: Аль-Фараби 2В, тел.: 8 (7262) 54-07-80

ИНКЛЮЗИЯ

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ – ЕРІК-ЖІГЕРІ ШЕКСІЗ

Дүниежүзі бойынша мүмкіндігі шектеулі жандарға қолдау көрсету қоғамның басты көрсеткіштерінің бірі. Әр адам өмірге тең құқылы келеді. Алайда, денсаулықтағы, қозғалыстағы немесе сезім мүшелеріндегі шектеулер олардың қоғамға толық араласуына кедергі келтіруі мүмкін. Осындай жағдайда мемлекет пен қоғамның басты міндеті ерекше жандарға жан-жақты қолдау көрсетіп, олардың әлеуетін ашуға жағдай жасау.

Мүмкіндігі шектеулі жандарға ең маңызды қолдаулардың бірі түрлі жабдықталған, арнайы білімі бар мамандармен толықтырылған орталықтар ашу. Себебі, арнайы мамандардың көмегі арқылы өз қабілеттерін толық дамытып, болашақта қоғамның белсенді мүшесіне айналу.

Осы орайда, қоғамның көзқарасы да шешуші рөл атқарады. Себебі, мұндай адамдарға аяушылықпен емес, құрметпен қарап, қабілетін жоғары деңгейде санау абзал. Олар, ортаның ең әлсіз мүшесі емес, қайта еліне үлесін қосатын құқылы Республика азаматтары. Кейде қарап отырсаңыз мүмкіндігі шектеулі жандар өте өнерлі болып келеді. Мысалы, спорт, сурет, би, аспаздық және тағы да басқа қабілеттері адамды таңдай қақтырады. Тіпті, әлемдік паралимпиада да еліміздің намысын қорғап, қанжығаларына алтын, күміс жүлделерді байлап жүрген мүмкіндігі шектеулі спортшыларымыз еліміздің мақтанышына айналып отыр.

Келесі кезекте, мүмкіндігі шектеулі жандарға да барлық азаматтар сияқты тегін медициналық көмек ұсынылады. Бұл міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі және бейінді денсаулық сақтау жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Мемлекет тарапынан бөлінетін жәрдемақылар мүмкіндігі шектеулі жандарға лайықты өмір сүруге, жағдай жасауға, денсаулығын жақсартуға берілетін көмек. Тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, реабилитациялық емдеу орталықтары және техникалық көмек құралдары да осы жандарға мемлекеттен берілетін қажеттілік.

Мүмкіндігі шектеулі жандар – әлсіз емес, керісінше, өмір сынақтарына қарсы тұра алатын мықты тұлғалар. Оларға тең мүмкіндік беру, әділетті қоғамның басты белгісі. Біз бір-бірімізге қолдау көрсеткенде ғана шынайы дамыған ел бола аламыз. Алайда, адами жанашырлық пен құрмет қоғамымызда үлкен рөл атқарады. Қарапайым түсіністік пен қолдау адамның өмірін жақсы жаққа өзгертіп, алдыға жылжуға мүмкіндік беруі мүмкін.

А. ӘЗІРЕТОВА.
Жамбыл облысы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті «Қорқыт-Ата» Әуежайы» АҚ-ның суды таратушы желілері арқылы беру, сарқынды суды бұру қызметтері бойынша бекітуге берілген тарифінің жобасын талқылау үшін жария тыңдау **2026 жылғы 26 мамырда сағат 16.00-де** Қызылорда қаласы, Жахаев көшесі 5, өтетінін хабарлайды.

Жария тыңдауға қатысу үшін тәуелсіз сарапшылар және тұтынушылар шақырылады.

Сонымен қатар, Қызылорда қаласы тұрғындары мен өзге де мүдделі тұлғалар онлайн режимінде де Facebook әлеуметтік желісіндегі Департаменттің ресми парақшасында жария тыңдауға қатыса (https://www.facebook.com/profile.php?id=100030142456862) алады.

Әрбір тілек білдіруші онлайн режимде өз сұрақтарын қойып, оларға жауап ала алады.

Қосымша сұрақтар бойынша мына телефондарға хабарласуға болады:
8 (7242) 26-23-67, 27-79-74.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики РК по Кызылординской области сообщает о проведении публичного слушания по обсуждению проекта тарифа на услуги по подаче воды по распределительным сетям, по отводу сточных вод АО «Аэропорт «Коркыт-Атат» которое состоится **26 мая 2026 года, в 16.00 часов** по адресу: г.Кызылорда, ул. Жахаев 5.

На публичные слушания приглашаются независимые экспертизы и потребители.

Вместе с тем сообщаем, что жители г.Кызылорда и иные заинтересованные лица смогут принять участие на публичных слушаниях также и в режиме онлайн на официальной странице руководителя в социальной сети Facebook (https://www.facebook.com/profile.php?id=100030142456862).

Каждый желающий может в онлайн-режиме задать свои вопросы и получить на них ответы.

По дополнительным вопросам можно обратиться по телефонам:
8 (7242) 26-23-67, 27-79-74».

SALYQ TÁRTIBI
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

БАС РЕДАКТОР
Ғалым ҚАСАБАЙ

МЕНШІК ИЕСІ: «САЛЫҚ ТӘРТІБІ» газетінің редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 2018 жылғы 20 желтоқсанда қайта тіркеліп, №17405-Г куәлігі берілген.

Индекс 65604

Мақала авторларының пікірлері редакцияның көзқарасына сай келе бермеуі мүмкін. Қолжазбаға пікір айтылмайды және авторға қайтарылмайды.

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА ТАРАЙДЫ

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
080003, Тараз қаласы, Төле би көшесі, 36 «Б», тел.: 8 /7262/ 45-34-52, факс: 43-56-97
e-mail: saltar61@mail.ru
Электрондық сайтымыз: www.salyq-gazet.kz
Басылым аптасына 3 рет шығады.
Таралымы 17 357
Апталық таралымы 52 071

ГАЗЕТ «Қанатты қалам әлемі» ЖШС-нің баспаханасында теріліп, басылды
080003, Тараз қаласы, Төле би көшесі, 36 «Б»

Тапсырыс 387